



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
ЛАҢКЕСТІК ЖӘНЕ ЭКСТРЕМИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІН
ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ



«АЗАМАТТЫҚ
БАСТАМАЛАРДЫ
ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ
ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ

ДӘРІСТЕР ЖИНАҒЫ

(сборник лекций)

Алматы
2020 жыл

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58
Д 20

Пікір жазғандар:
Ф.ғ.д., профессор Н.Ж. Байтенова
Ф.ғ.д., профессор К.К. Бегалинова

Дәрістер жинағы (сборник лекций) / Жауапты ред.: К.М. Бишманов, А.Д. Курманалиева, Ш.С. Рысбекова - Алматы: ИП "Киль АС", 2020. - 166 б.

ISBN 978-601-332-766-2

Дәрістің осы жинағында дін мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшелері үшін 17 типтік дәріс материалдары жиналған. Бұнда Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеттің профессоры, оқытушылары мен докторанттардың тақырыпқа сай дәрістері қамтылды.

Бұл әдістемелік құрал халықтың нысаналы топтары арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары мүшелерінің құзыреттілігі мен әлеуетін арттыру үшін әзірленген.

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58

© ИП "Киль АС"

"Қазақстан Республикасындағы лаңкестік және экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы" ҚҚ жарияланымның мазмұнына жауапты, бұл «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ көзқарасын міндетті түрде көрсетпейді. Осы әдістемелік құрал көрсетілген авторлардың көзқарасы «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.



ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі - діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл, азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету, мемлекет пен азаматтық сектордың өзара іс-қимылы, сондай-ақ жастар саясаты саласында өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы.



"Қазақстан Республикасындағы лаңкестік және экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы" қоғамдық қоры - жеке тұлғамен қатар, қоғамның жан-жақты дамуына мүмкіндік туғызатын әлеуметтік маңызы зор жобаларды әзірлеу, қолдау және жүзеге асыру, сондай-ақ гуманизм, отаншылдық, мейірімділік ұстанымдарын насихаттауды жүргізеді.



"Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы - Қазақстанда мемлекет пен ҰЕҰ өзара іс-қимыл тетігін жетілдіру, грант беруші қызметтің барынша айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Оның қызметінің негізгі түрлері - ҰЕҰ-дың мемлекеттік және мемлекеттік емес гранттарын беру және олардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

МАЗМҰНЫ

1.	Экстремистік мәліметтерді таратуға қатысты ақпараттандыру, Құқықтық сауаттылық пен құқықтық сананы көтеру.....	4
2.	Ксенофобиялық және экстремистік көңіл-күйінің таралуына ғылыми-ағарту жұмыстарын (семинарлар, дөңгелек үстелдер, тақырыптық тренингтер) жүргізу арқылы қарсы тұру	12
3.	Экстремизм мен терроризмге қарсы күрес қағидалары: шетелдік тәжірибені қолдану	20
4.	Жастардың жаңа діни ағымдарға тартылуының ықтимал предикторлары жобалар	32
5.	Қазақ елінің жас азаматында патриотизмді қалыптастыру және қоғамның діни радикализацияға түсуінің алдын алу	43
6.	Студенттік ортада және басқа ортада терроризмге қарсы сананы қалыптастыратын инновациялық, әлеуметтік-тәрбиелілік технологиялар.....	52
7.	Жасөспірімдерді экстремистік және теріс діни ағымдарға тарту бойынша профилактикалық жұмыс: белгілерін анықтау және алдын алу	61
8.	Жастардың мінез-құлқындағы экстремистік сипаттың пайда болуын ескерту және онымен күресу мәселесіндегі ата-аналар қауымдастығының орны	68
9.	Ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуге арналған	77
10.	Современные методики выявления лиц, подверженных воздействию идеологии терроризма и организация индивидуальной профилактической работы с ними	85
11.	Формы и методы противодействия экстремизму и идеологии терроризма в Республике Казахстан.....	92
12.	Формирование основ межкультурной коммуникации и коммуникативные аспекты антитеррористической деятельности.....	100
13.	Методы психологического воздействия, используемые в сети интернет.....	112
14.	Профилактика экстремизма в молодежной среде как направление государственной молодежной политики, реализуемой в РК.....	120
15.	Отечественный опыт и конкретные практики противодействия распространению идеологии экстремизма и терроризма в молодежной среде	129
16.	Подготовка кураторов академических групп для профилактики экстремизма, терроризма и национализма	141
17.	Роль учебных дисциплин, воспитательной работы и творческих проектов в формировании антитеррористического сознания в студенческой среде	150

ЭКСТРЕМИСТІК МӘЛІМЕТТЕРДІ ТАРАТУҒА ҚАТЫСТЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫ КӨТЕРУ.

Ғасырымызда жаһандық үдеріс күн санап ерекше көрініс табуда. Бұл жағдайда әр мемлекет өзінің негізгі байлығы «адам факторы» екенін ескеріп азаматтарының құқықтарына баса назар аударуда. Көптеген мемлекеттер өздерін зайырлы құқықтық мемлекет ретінде жариялады. Өз кезегінде елімізде де әлемдік интеграциямен үзеңгілес болу жолында үлкен қадамдар жасалуда.

Қазақ елі өз тәуелсіздігін алып, егемендігіне қол жеткізгенін алғашқы күннен бастап еліміз зайырлы, әлеуметтік және құқықтық мемлекет құру бағытын таңдап, азаматтық қоғам институттарын дамытуды басты мақсат етіп қойды. Қазақстан Республикасының 1995 жылы қабылданған Конституциясы бойынша әлеуметтік және құқықтық мемлекетті құрудың алғышарттары мен негізгі принциптері белгіленген: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары». Қазақстан Республикасының мемлекеттік даму бағыты ретінде Ата Заңымызда бекітілген әлеуметтік және құқықтық мемлекетті қалыптастыру негізгі қағидаларды жүзеге асыруды талап етеді. Құқықтық мемлекеттің негізгі ұстанымы - заңның үстемдігі, адам құқығы мен бостандығын жоғары құндылық ретінде бағалау, мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі және оны жүзеге асыру талаптары заң шығарушы және атқарушы биліктің басты міндеттері¹.

Құқықтық мемлекет идеясының мәні - оның бірізді демократиялылығы, билік көзі ретіндегі халық егемендігін бекіту, мемлекеттің қоғамға бағынуы. Құқықтық мемлекетте қоғам өмірі заңмен реттеледі, заң үстемдік еткен жағдайда, сот ісі тәуелсіз болып, тек заңға бағынады. Құқықтық мемлекет әрбір жеке адамның заңды мүдделерінің, ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына кепілдік беруі, барлық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, олардың бірлестіктері мен қауымдастығын қамтамасыз етуге тиіс. Ендігі кезекте қоғамды толғандырып отырған мәселе - құқықтық мемлекетте өмір сүре отыра,

¹ <https://e-history.kz/kz/contents/view/1303>

азаматтарымыздың құқықтық сауаттылығының жағдайы. Осыған орай, мемлекет саясатының негізгі құрамдас бөлігі — адамның құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеру болып отыр. Адамның құқықтық білімі мен құқықтық тәрбиесі, ішкі наным құқықтық мәдениетінің «іргетасы» саналады. Осы «іргетастың» қалай қаланғанына байланысты адамда мынадай қасиеттер қалыптасады: — құқықтық білімнің сапасы және оны қолдана алу; — заңға қатыстық сипат (заңды сыйлау сезімі, заңдылықты сезіну); — құқықтық норманы орындауға дайын тұру; — заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуда белсенділік көрсету.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыру барысында мыналарға мән беру керек, адамдар демократия негіздерін оқып-үйренулері тиіс; — олар өз құқықтары мен міндеттерімен танысып қана қоймай, бостандық, тұлға, құқықтық мемлекет деген ұғымдармен таныс болуы керек; — қайырымдылық және зұлымдық, әдемілік және талғамсыздық, т.б. құқық нормасымен байланыстырып отырулары қажет; — құқықтық тәрбие адамгершілік және эстетикалық тәрбиемен байланысты болуы міндетті; — заң туралы аса қызыға білгені дұрыс. Өйткені құрғақ ақпарат санаға жетпейді, жүректі елеңдетпейді².

Құқық — билік пен қоғамның, мемлекет пен халықтың арасындағы ең басты ұстаным. Халыққа өз құқы мен хақын білдіру, анықтау мемлекеттің міндеті. Мемлекет те нормаларының шегі мен шекарасын нақтылап, дәлелді уәжбен, ғылыми таным, зерттеулер негізінде алынған тұжырымдар арқылы қабылдатады. Мына қоғамда кім хақын білсе, талап етсе, сұраса, ол адамда «мен» деген азаматтық кісілік көрініс тапты деген сөз. Жалпы хақ сұрағандікі, яғни оның қажеттілігі мен талабына жауап беру де бүгінгі зайырлы, демократиялық мемлекеттің міндеті³.

А.М. Қаратаева құқықтық сауаттылықты талдай отырып, мына жағдайларға назар аудартады. Түсіндіруінше, қоғамдық қатынастардағы терең өзгерістер қоғам санасындағы, жекелей алғанда құқықтық санадағы өзгерістерге себеп болды. Арнайы сауалнамаға қатысқандардың көп бөлігі үшін, олар үшін бүгінгі таңда негізгі құқықтар болып қауіпсіз өмір, денсаулықты сақтау және тегін медициналық көмек құқығы, адам ар-ожданын сақтау құқығы, аналық пен дұрыс өмір үшін кіріс құқығы саналған. Жалпы алғанда, өмір сүрудің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін экономикалық құқықтар алға шыққан, ал қоғамды демократияландыруды қамтамасыз ететін

² <http://www.iref.kz/yi-tyi-sauattyilyi-yi-tyi-memleketti-negizi/>

³ Кенжетай Д. Зайырлы ел – қайырлы ел, Алматы, 2017, 18-б

құқықтарға аса мән берілмеген. Бұл құқықтар игілікті өмірдің физикалық тұсын қамтиды, алайда рухани тұсына да қатысы бар, дәл осы құқықтар бұзылып жатыр және бұзылудың қаупі төнуде. Бүгінгі таңда қылмыс өсуде, Қазақстан халқының көп бөлігінің өмір сүру деңгейі төмен, құқық бұзушылық жиі орын алады, еңбекпен қамту мен дұрыс төлемақы кепілдігі жоқ. Өкінішке орай, әлі күнге дейін Қазақстанда заң адамдардың әрекетін қадағалайтын, олардың әрекеттерінің шегін анықтайтын, олардың заңды мүдделерін қорғайтын нақты қызмет етіп отырған құқықтық кеңістік орнаған жоқ. Қазір ақша, биліктік орын, туыстық қатынас және т.б. күші басымдырақ болып отыр. Адамның жоғарғы шені немесе жеке байланыстары заңның алдында көлбегейлеп жүруге мүмкіндік беретін жағдайлар қаншама. Шенеуніктердің заңсыздық пен паракорлықпен күресі аса нәтижелі емес. Осының барлығы адам құқығы мен бостандығының құнын көк тиын етеді. Құқықтық қорғау жүйесін бекіте түсу қажет. Құқықты қамтамасыз ету жүйесін біртіндеп халықаралық стандарттарға сәйкес ету қажет. Қазақстандағы құқықтық жүйенің тиімсіз екендігін сауалнама сандары айтуда. Азаматтар өздерін заңмен қорғалған деп есептемейді. Сауалнамаға қатысқан әрбір 4-адам біздің елде құқықтар мүлдем сақталынбайды деп есептейді. 70% олар қашанда жүзеге асады деп есептемейді. Тек аз ғана бөлігі (4%) өздерін толықтай заңмен қорғалған деп есептейді. Тәуелсіздік жылдарында елдің өркениетті қызмет етуі үшін көптеген заңдар қабылданды, алайда оларды жүзеге асыру механизмі кешігуде, заңның алдында барлығы бірдей қағидасы сақталмауда. Берілген зерттеулердің негізінде мына мәселені түсінуге болады, адамдардың құқықтық сауаттылығы мен олардың заңдарды білу қажеттілігі арасындағы белгілі бір тәуелділік. Күнделікті өмірде жиі тоғысқандықтан мазмұны көпшілікке жақсы белгілі заңдар бар және де мазмұны көпшілікке белгісіз заңдар да жоқ емес. Адамдар заңды неғұрлым нашар білсе, өздеріне кепіл етілген құқықтар мен мүмкіндіктер көлемін қолдана алмағандықтан қиын жағдайларда көмексіз қалады. Құқықтық сауаттылық деңгейі көтерілген сайын билік емес, заң қоғамды реттеуші күшке айналады. Халықты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы құқықтық ағарту қоғамның құқықтық мәдениеті мен санасын дамытуға мүмкіндік береді. Заңдар Конституциядағы мәселелерді түр-лі құқықтық реттеу салаларына қатысты нақтылайтын болғандықтан, бұл заңды құбылыс болып табылады. Конституция мен басқа да заңдардың адам құқығының кепілі ретіндегі эксперттік бағаның төмен болуы, құқыққа деген сенімнің жоқтығын көрсетеді. Конституция тиімділігін «орташа» деп тек әрбір төртінші адам, ал заңдарды мамандардың

үштен бірі ғана бағалаған. Егер «төмен» және «ешқандай» бағаларын қосатын болсақ, екі жағдайда да 50% эксперт заңнаманың адам құқықтарын бұзуға байланысты күресті теріс бағалағандығын көреміз. Алынған мәліметтер қазақстандық қоғамда құқықтық еркіндік дәрежесінің төмендігін көрсетеді. Құқық бұзушылықтың жоғарғы көрсеткіші құқықтық ригоризмнің жайылғандығын, көпшілік тұрғындардың қылмыспен күрес шараларының қаталдана түскендігін және өлім жазасының сақталғандығын қалайтындығын көрсеткен. Көптеген адамдар өз ортасындағы адамдардың құқықбұзушылық әрекеттерге немқұрайды қарайтындығы, жеке бастарының құқық талаптарына селқос қатынасы құқықтық бағыттардың тұрмыстық деңгейдегі сәйкессіздіктерін көрсетеді. Алайда барлық жайтты тек құқықтық сананың төмендігімен түсіндіріп қана қоюға болмайды. Өйткені құқықтық сана психологиялық интеллектуалдық құбылыс ретінде нақты қолданыстағы заңнамалық норма мен категориялар негізінде қалыптасады. Егер бүгінгі таңда көптеген қазақстандықтар салық төлуден жалтарып отырса, оған заңнаманың үйлесімсіздігі, Салықтық кодекстің кереғарлығы, салықтық салымның жоғарылығы себеп. Бұл мәліметтер симптомдық болып келеді, өйткені олар республикалық фискалдық және қаржылық жүйенің тиімсіздігін көрсетеді. Бұл мемлекет экономика саласында «ойын ережесін» қайта қарастыруы қажет екендігін көрсететін белгі болып табылады. Сондай-ақ салық салу мен несие беру заңнамалық негізін жетілдіру қажеттігіне нұсқауда. Халықтың құқықтық сана деңгейін көтеру үшін заңнамаларды жетілдіру қажет, көптеген әлеуметтік-экономикалық және моральдік-психологиялық сипаттағы кемшіліктерге нұсқау қажет⁴.

2005 жылдың 18 ақпанында «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» қабылданған Заңның 12-бабы «Байланыс желілері мен құралдарын экстремизмді жүзеге асыру үшін пайдалануға, экстремистік материалдарды басып шығаруға және таратуға жол бермеу» деп аталады. Тарқатылып отырған бапта «Қазақстан Республикасының аумағында байланыс желілері мен құралдарын экстремизмді жүзеге асыру үшін пайдалануға, сондай-ақ экстремистік материалдарды басып шығаруға және таратуға тыйым салынады. Байланыс желілері мен құралдары экстремизмді жүзеге асыру үшін пайдаланылған жағдайда жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кез келген байланыс желілері мен құралдарының қызметін тоқтата тұруға құқылы. Байланыс

⁴ Қаратаева А.М. Құқықтық сауаттылық // <https://articlekz.com/kk/article/16549> (30.05.2020)

желілері мен құралдарының қызметіне тыйым салуды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сот жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын және экстремизм белгілері бар ақпараттық материалдарды прокурордың мәлімдемесі бойынша сот тыйым салу талабын мәлімдеген прокурор тұрған жер бойынша немесе мұндай материалдар табылған жер бойынша экстремистік деп танып, әкелуге, басып шығаруға және таратуға тыйым салады» — деп көрсетіледі⁵.

Экстремистік мазмұндағы ақпараттық ресурстармен күреске Дін істері агенттігін Қ.Лама Шариф басқарған жылдары жиі назар аударыла бастады. ҚР Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңестің отырысында Дін істері агенттігінің төрағасы Қайрат Лама Шариф мына мәліметтерді ортаға салған болатын. «Агенттіктің орталық аппараты мен аумақтық департаменттерінде сарапшылар тобын құрдық. Олардың қызметі жөнінде типтік ереже мен сарапшылар қорытындыларының үлгілері бекітілді, әдістемелік негіз дайындалды». Қ.Лама Шарифтің атап өтуінше, агенттік құрылған мерзім ішінде діни мазмұндағы шамамен 1000 материалға дінтану сараптамасы жүргізілді. Тағы 1,5 мың басылым алдын ала дінтану сараптамасынан өтті және оларға қатысты тиісті шешім қабылдануда. Олардың нәтижесі бойынша дінтану сараптамасының оң қорытындысын алған 300-ге жуық діни әдебиеттің тізімі Дін істері агенттігінің сайтына орналастырылған. Ал қалғандары техникалық жөндеуден кейін орналастырылатын болады. Заңға қайшы 93 материал мен таратуға ұсынылмайтын басылымдар бойынша тиісті шешімдер қабылдануда. «Діни-экстремистік және лаңкестік топтардың ақпараттық алаңдарын жою, шектеу мақсатында интернет-сайттарға мониторинг жүргізу және жабу бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2012 жылдың І тоқсанында 800 сайт талданды, олардың ішінде экстремистік мазмұндағы материалдарды жариялайтын 34 шет ел сайты анықталып, тиісті шешім қабылдау үшін Бас прокуратураға жолданды». Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаевтың хабарлауынша, Қазақстан 2019 жылы экстремистік мазмұндағы 13 мыңнан астам материалды жапқан. Айтуынша, 2019 жылдың басынан бері интернет-ресурс иелері мен сайт әкімшілігіне ұсыныс айтылып, 25 мыңнан астам заңға қайшы материал жойылған. Терроризм мен діни экстремизм идеологиясын насихаттаған 13 мыңнан астам материал жабылған. Қазақстан билігі жыл сайын "экстремизмді насихаттаған сайттар мен

⁵ Сапарғалиева С.Ж. Экстремистік әдебиеттер туралы сауалдарға // <https://kazislam.kz/eislam-568/>

материалдардың жойылып" жатқанын хабарлағанмен оларды тізімі жарияланған емес. Олардың арасында "билікке жақпайтын сайттар" болуы мүмкін екеніне алаңдаған кейбір құқық қорғаушылар бұл процедура ашық болуы керек деп санайды.

Қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету, соғысқа арандату не халықаралық қарым-қатынастарды шиеленістіру мақсатында жасалған, адам өміріне қол сұғу, сол сияқты дәл сол мақсаттарда, сондай-ақ мемлекет немесе қоғам қайраткерінің мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында жасалған оның өміріне қол сұғу не халықаралық қорғауды пайдалантын адамдарға немесе ұйымдарға, ғимараттарға, құрылыстарға шабуыл жасаумен, адамды кепілге алумен, ғимараттарды, құрылыстарды, қатынас және байланыс құралдарын басып алумен, әуе немесе су кемесін, жылжымалы теміржол составын не өзге де қоғамдық көлікті айдап әкетумен, сол сияқты басып алумен ұштасқан адам өміріне қол сұғу – мүлкі тәркіленіп, Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыра отырып немесе онсыз, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға, не өлім жазасына жазаланады.

Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақырып, сол сияқты көрсетілген мазмұндағы материалдарды тарату мақсатында дайындап, сақтап немесе таратқаны үшін – мүлкі тәркіленіп, 5 жылдан 9 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Террористік топ құрып, сол сияқты оған басшылық етсе – мүлкі тәркіленіп, 8 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Террористік топтың әрекетіне немесе ол жасап жатқан терроризм актілеріне қатысқан адамның – мүлкі тәркіленіп, 8 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру – мүлкі тәркіленіп, 8 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Аталған заңдардың талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында мақсаттары немесе әрекеттері экстремизмді жүзеге асыруға

бағытталған ұйымдарды (филиалдар мен өкілдіктерді) құруға және олардың іс-әрекетіне тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атауларын құрылатын ұйымдардың атауларында пайдалануға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы егеменді, тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүріп келе жатқанына жиырма жылдан асты. Осы жылдар аралығында қоғамда барлық салаларында терең, әрі түбегейлі өзгерістер орын алды. Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел болып еңсесін көтерді. Халықаралық деңгейде бәсекелес болуға қабілеттілігін көрсетіп келеді. Тарихтың тереңіне кеткен рухани мұра туындылары қайта жаңғырып, өзінің лайықты мұрагерлерін тапты. Алайда, қоғамда белең алып жатқан келеңсіз мәселелер де жоқ емес. Әлемде қазіргі діни ахуалдың ушығып күрделі әрі сан саналы екендігі бәрімізге мәлім.

Қазақстан Республикасының 23.07.1999 жылғы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» № 451 Заңының 2 бабының талаптарына сәйкес, Мемлекеттік құпияны немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге, экстремизм немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты таратуға, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды, сондай-ақ қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа бас ұруды және порнографияны насихаттауға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты насихаттау және үгіттеу, экстремизмді немесе терроризмді насихаттау, ұлтаралық және конфессияаралық өшпенділікті өршітуге бағытталған материалдарды жариялау және ақпаратты тарату, сондай-ақ белгіленген мерзімде бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтата тұру себептерін жоймау бұқаралық ақпарат құралының шығарылуын не бұқаралық ақпарат құралы өнімінің таратылуын тоқтатуға негіз болып табылады⁶.

⁶ Шамуратов М.А. Терроризм мен экстремизмге қатысты заң бұзушылықтар қатаң жазаланады // <http://mng.prokuror.gov.kz/kaz/novosti/stati/terrorizm-men-ekstremizmge-katysty-zan-buzushylyktar-katan-zhazalanady> (30.05.2020)

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://e-history.kz/kz/contents/view/1303>
2. <http://www.iref.kz/yi-tyi-sauattyilyi-yi-tyi-memleketti-negizi/>
3. Кенжетай Д. Зайырлы ел – қайырлы ел, Алматы, 2017, 18-б.
4. Қаратаева А.М. Құқықтық сауаттылық // <https://articlekz.com/kk/article/16549> (30.05.2020)
5. Сапарғалиева С.Ж. Экстремистік әдебиеттер туралы сауалдарға // <https://kazislam.kz/eislam-568/>
6. Шамуратов М.А. Терроризм мен экстремизмге қатысты заң бұзушылықтар қатаң жазаланады // <http://mng.prokuror.gov.kz/kaz/novosti/stati/terrorizm-men-ekstremizmge-katysty-zan-buzushylyktar-katan-zhazalanady> (30.05.2020)

**КСЕНОФОБИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКСТРЕМИСТІК КӨҢІЛ-КҮЙІНІҢ
ТАРАЛУЫНА ҒЫЛЫМИ-АҒАРТУ ЖҰМЫСТАРЫН (СЕМИНАРЛАР,
ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР, ТАҚЫРЫПТЫҚ ТРЕНИНГТЕР) ЖҮРГІЗУ
АРҚЫЛЫ ҚАРСЫ ТҰРУ**

1. Ксенофобия мен экстремизм түсініктерін талдау.
2. Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл.
3. Ксенофобия және экстремизмнің алдын алу үшін көптеген ғылыми-ағарту жұмыстары.

Ксенофобия мен экстремизмнің алдын алу біздің Республикамызда тұратын түрлі этностық және діни топтардың өкілдері арасындағы қарым-қатынасты үйлестіру саласындағы басымдық болып табылады. Қоғамдағы ксенофобиялық көзқарастардың болуы, адамдар арасында қорқыныш пен тіпті жеккөрушілік тудырады, ұлттық, діни немесе әлеуметтік негізде дұшпандыққа әкелуі мүмкін. Әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни және саяси конфликтілер шешудің негізгі құралы ретінде зорлық және басқа да заңсыз әрекеттерді білдіретін көзқарастар мен идеялар жүйесі ретінде айқындалған экстремизм идеологиясының негізі ксенофобия болып табылады. Экстремизм оның барлық көріністерінде азаматтық бейбітшілік пен келісімнің бұзылуына әкеледі. Сонымен бірге, бейбітшілікті, конституциялық құрылысты, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді сақтауға нақты қауіп төндіреді.

Құқықтық, зайырлы, демократиялық мемлекет ретіндегі Қазақстанның осы кезге дейінгі егеменді дамуы нақты әралуандық үшін жағдайлар қалыптастырды. Мемлекет пен діннің өзара қатынасын реттеу саласындағы бұрынғы заңнама қоғамдық бірлестіктерді тіркемеу және олардың қызметін бақыламау, экстремистік мазмұны мен үндеулері бар әдебиеттің шектеусіз енгізілуі мен еркін таратылуы, діни сауаты жоқ азаматтарды жалған діни әрекетке алдап немесе мәжбүрлеп кіргізу, азаматтарды бұл ұйымдарда қорқыту және еркін басып тастау арқылы ұстауына мүмкіндік берді

Сондықтан ксенофобия мен экстремизмнің алдын алудағы сараптамалық бағалаулар мен қоғамдық мониторинг деңгейінде, сондай-ақ бұқаралық қабылдауда мәдениет құрастырушы дін мен мемлекеттік құрылысты зорлықпен өзгертуге немесе билікті зорлықпен басып алуға және осы мақсаттарда діни өшпенділік пен жек көрушілік тудыруға бағытталған діни жамылғылық әрекетті нақты білу қажет. Мұны деструктивті бағытталған деп анықтау маңызды. Дінді рухани тұрғыда да, саяси тұрғыда да адамнан үстемдігі терминдерінде түсіндіруге ұмтылушылық та деструктивті ықпалға жатқызылуы тиіс. Бұрыңғысынша кітап дүкендері тораптары арқылы сатылатын, жаңа діни ұйымдарда келушілерге сатылатын немесе тегін берілетін, көшелерде азаматтарға үлестірілетін, тарқатылатын «діни» деп аталатын әдебиеттерді талдау мен мониторинг қазақстандықтардың құлықтары мен санасының экстремизациялануы мен оның «үйге дейін жеткізілуінің» шексіз мүмкін екендігін берді. Осылайша ғылыми-ағарту жұмыстары деп таратылған мәтіндер дінаралық алауыздықты, этносаралық жеккөріністі қоздыруға бағытталған ақпаратқа, үстем болып отырған зайырлы билікпен күреске үндеуге ие болып шығады. Оларда тасымалданатын ақпарат ксенофобия мен экстремизмге, оларды тұтынушылардың бойында әртүрлі үрейлер мен қорқыныштардың, оның ішінде барлық дінге сенбейтіндер мен шынайы діндарлардың бойында қорқыныштарды дамытуға тікелей немесе жанама бағытталған.

Ксенофобиялық және экстремистік пиғылдағы ғылыми-ағарту жұмыстары дәстүрлі емес сипаттағы діни ұйымдардың жетекшілеріне арналған арнайы әдістемелік әдебиеттің мониторингі көптеген қауымдардың дінді жамыла отырып, өз қатарына жаңадан келгендерді тарту мен әдістемелермен арнайы жасақталған әрі бекітілген және ұйымдастырылған сипатқа ие зомби жасау, манипуляция технологиялары бойынша өз мүшелерін тәрбиелеу бойынша белсенді түрде жұмыс жасайды. Мұндай әрекет табиғи сипатты емес, белгілі дүниетанымды, жүріс-тұрыс пен өмір тәртібі үлгілерін енгізу сипатты қабылдайды.

Жүріс-тұрыстың экстремизациялануына өздерінің әлеуетті және шынайы мүшелеріне тұтастай алғанда қоғамдағы және жекелей алғанда отбасында қалыптасқан мәдени дәстүрлерден бас тартуға, туған-туыстармен өзара қарым-қатынастарда жалпы қабылданған құндылықтар мен басымдылықтарды үзуге шақыратын үндеулер, діни топтағы қарым-қатынастың қатаң, құпиялық ережелерін сақтаумен байланысты белгілі бір мінез-құлық алгоритмдеріне үйрету болып табылады.

Қайта құру дәуірімен тап келген әлеуметтік өмір негіздерін идеологиясыздандыру жағдайында бұрынғы өз болмысы жағынан ұжымдық сананың ұмтылыстары азаматтарды әртүрлі ұйымдардағы жаңа бірлестіктерді іздестіруге әкелді. Нәтижесінде сауда, оқыту, кеңес беру және т.б. форматында да, діни бірлестіктер кейпінде де тіркеліп, әрекет ететін, қызметінің басты мәні өз қатарына «маргиналдарды» тартумен сипатталатын тораптық құрылымдар ең маңызды құрамдасқа-адами капиталға ие болды.

Ксенофобия - бұл белгілі бір қоғамдастықтарға және олардың жеке өкілдеріне - «бейтаныс», «басқа», «біздікі» емес, субъектінің табиғатқа деген теріс, эмоционалды бай, иррационалды түрі. Ол өзін субъектінің тиісті әлеуметтік көзқарастарында, теріс пікірлерде, алдын-ала пікірлерде, әлеуметтік стереотиптерде, сондай-ақ оның дүниетанымында көрсетеді. Бұл жастардың «бейтаныс адамдарға» деген агрессивті әрекеті, дұшпандық көзқарастармен негізделген.

Діни экстремизм – діни фанатизмнің шектен шыққан түрі. Кез келген экстремизмнің мәні – олардың пікірлеріне қосылмағандарға зорлық-зомбылықтарын көрсету. «Діни экстремизм» әлемді өздерінің шектен шыққан көзқарастарына сәйкес қайта құруға ұмтылады. Әрине экстремизм белгілі бір ой толқынының тәсілі мен логикалық түрде террорды ақтауға әкеледі, бірақ бұл қызу нүктесіне жетуге міндетті емес [1]. «Діни экстремизм» – террористік іс-әрекеттердің туындауына себеп болатын саяси құрал. Жаһандану заманында «діни экстремизм» қанатын кеңге жайып, халықаралық деңгейге жетіп отыр. Қазіргі уақытта халықаралық экстремизм және терроризммен тиімді күресу үшін әлемдік қоғамдастықтармен біріге отырып жан-жақты күшейтуіміз керек. Бүкіл әлемдегі кез келген мемлекет бұл «қоғамдық қасіретке» қарсы күресті жеке жүргізу қиындыққа соғады. Сондықтан, 2006 жылы 8 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясы «Ғаламдық террормен күрес» стратегиясын қабылдады. Аталған құжатта БҰҰ-на мүше мемлекеттер экстремизм мен терроризмнің барлық пішіндерін бір жақты айыптайды, соған қарсы тығыз ынтымақтастық арқылы әрекет етуге дайын екендіктерін көрсетеді. Елімізде «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 10-бабында: «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарымен және халықаралық ұйымдармен экстремизмнің алдын алу, анықтау және жолын кесу саласындағы өзара іс-қимылы» деп аталады. Соған қарап отырып, еліміз экстремизм мен терроризмге қарсы басқа мемлекеттермен бірігіп күресуге дайын екендігін көреміз. Экстремизм түрлі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, дінаралық

жағдайдың ушығуына да себепкер болуда. Олар қай діннің атынан белсенділік танытса, бәрінен де көп зиян шегетін осы дін. Экстремистер адамдардың дінге деген құрметі мен сенімін өз мақсаттарына кеңінен пайдалана отырып, дін үшін әрекет етіп жүргендей көрінуге тырысады [2].

«Діни білім мен тәжірибенің толық болмауы экстремизмнің бір түрі – эгоизм мен аморалдылық, жартылай, үзбелі білім қарама – қарсы нәтижеге-агрессивті радикализмге әкеледі. Бұл ретте мақсаттар мен ішкі жүйені дұрыс түсінудің болмауы дін өз шындығында соқыр сенімге әкеледі, ал ол өз кезегінде қауіпті қоспаны жасап, ойсыз іске әкеледі. Біздің білуімізше, Ислам салт-дәстүрлерінің бес бағанының негізгі мақсаты адамда Құдайға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу және оның негізінде азаматтық жауапкершіліктің қатты моральдық-адамгершілік идеологиялық стерженін құру, яғни тұтас сау тұлғаны құру, индивидуумның толыққанды зияткерлік дамуын қамтамасыз ету және бәсекеге қабілетті қоғам құру болып табылады.

Радикалды діни сана исламның қағидаларын мұндай ұтымды шешудің мүмкін еместігін жоққа шығарады және жастар арасында интеллектуалды тоқырау мен пассивті дәстүрлілікке әкеледі.

Белгілі дінтанушы М. Яхьяев айтқандай «діни экстремизмнің туындауының ең басты проблемалардың бірі ол интеллектуалдық көрсоқырлық болып табылады. Бұл жағымсыз құбылыстардың барлық катализаторы, өзгеше ойлатындарға агрессияның қалыптасуы мен терроризм». Сондықтан экстремизм феноменіне интеллектуалдық деңгейде қарсы тұру маңызды.

Қазіргі әлемнің, оның ішінде қазіргі Қазақстанның міндеті жалпы адамзаттық, гуманистік және толеранттылық құндылықтарды, конфессияаралық келісім, диалогты ғасырлар бойы әлемдік және дәстүрлі діндердің негізгі принциптері мен қағидаларын қазіргі жалпы әлемдік, адамзаттық өркениеттегі бейбітшілікті сақтап қалу үшін, сан алуан этностары мен конфессиялардан тұратын көптеген мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі үшін белсенді пайдалануға саяды [3].

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018–2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында жұмыс атқарылуда.

Комитеттің жанынан діни мәселелер бойынша республикалық ақпараттық-түсіндіру тобы (IWG) құрылды және жұмыс істейді. Ол осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша халықтың діни және құқықтық сауаттылығын арттырумен және деструктивті ағымдардың

радикалды идеяларына қарсы халықтың мақсатты топтары үшін мақсатты иммунитетті қалыптастырумен айналысады [4].

Республикалық АТТ (ақпараттық түсіндіру тобы) құрамына ғылыми және сараптамалық қауымдастықтың өкілдері, теологтар, дінтанушылар, дінтанушы ғалымдар, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) және мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді. Барлығы 100-ден астам адам.

Жергілікті атқарушы органдардың жанынан 211 аймақтық топ құрылды, олардың құрамына 2 623 адам кірді. Іс-сапарлар барысында АТТ мүшелері халықтың мақсатты топтарымен - деструктивті діни ағымдардың жақтаушыларымен, соның ішінде түрмелерде, жамағаттағы мешіттерде жазасын өтеп жатқан жастармен, жастар аудиториясымен, жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдармен түрлі іс-шаралар өткізеді.

Республикалық АТТ мүшелері өңірлерде 18 500 адамды қамтитын 312 іс – шара өткізді, оның ішінде діндар әйелдер арасында 4 500 адамды қамтитын 113 іс-шара өткізілді. Аймақтық АТТ 2 139 074 адамды қамтыған 38 391 іс-шара өткізді.

Түсіндіру жұмыстары ақпараттық арналар (БАҚ және интернет-кеңістік) арқылы жүргізіледі, "БАҚ-та зайырлы құндылықтарды ілгерілету және радикалды діни ағымдар идеяларын тарату бойынша ақпараттық жұмысты ұйымдастыру және жүргізу"әлеуметтік жобасы іске асырылуда. Facebook, Instagram, "ВКонтакте", YouTube, KazTube, Twitter, Yvision-да ұсынылған сегіз әлеуметтік қауымдастықты сүйемелдеу жүргізілуде. Оқырмандар аудиториясы 442 000 адамды құрайды (2017 жылы – 250 000 адам)", – көрсетілген.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта көптеп отандық теологиялық оқу орындарында исламтанушы-дінтанушылар мамандарын даярлау жүргізілуде. "Қоғамдық даму министрлігі жыл сайын Исламтану мамандығы бойынша білім беру гранттарын бөлу/ұлғайту үшін БҒМ-ге, сондай – ақ "Нұр - Мұбарак" университетімен меморандумға қол қою бойынша әкімдіктерге ұсыныстар жолданған.

Мемлекеттік органның мәліметтері бойынша, исламтану және дінтану саласында кадрлар даярлайтын еліміздегі негізгі жоғары оқу орындары "Нұр-Мұбарак" Ислам мәдениетінің Египет университеті, әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті болып табылады. Мұнда зайырлы және діни білім беру пәндері оқытылады.

Дін істері жөніндегі өңірлік басқармалар ҚМДБ филиалдарымен бірге деструктивті және радикалды діни ағымдардан зардап шеккендерге теологиялық консультациялық көмек көрсетуде.

Радикалды діни идеологияның ықпалына ұшыраған адамдарды қайта әлеуметтендіру және оңалту жұмыстары бойынша бірыңғай әдістеме мен жеке бағдарламалар бекітілді. Ол осындай ағымдарды ұстанушылармен жұмыс істеудің бірыңғай тәсілдерін жүйелендіруге және енгізуге арналған.

Өңірлерде ҰҚК-мен, жергілікті атқарушы органдармен және ҮЕҰ-мен бірлесіп әзірленген оңалту жұмысын ұйымдастыру жөніндегі басқа да әдістемелік құралдар қолданылады [5].

Сонымен бірге Елбасымыз бекіткен 2017-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының діни саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасының тармақтарының бірі-жас ұрпақты деструктивті идеологияға иммунитетті тәрбиелеу. Көп ұлтты және көп дінді деп сипатталған қазақстандық қоғам үшін бұл міндет одан әрі өзекті болып отыр.

Осы сияқты дін істері басқармасы осы Тұжырымдаманы іске асыру аясында Қазақстанның барлық оқу орындарында, тұрғындары арасында экстремизмнің алдын алу бойынша белсенді шараларды жүргізуде. Оның басты мақсаты деструктивті ұйымдар мен олардың әрекеттерінің алдын алу бойынша түсіндіру және тәрбие жұмыстары болып табылады. Өткізілген іс-шаралар әртүрлі формада: дәрістер, семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, жеке әңгімелесу, турлар және т.б.

Осындай кездесулерде зайырлылық, толеранттылық, Қазақстан Республикасының дін саласындағы заңнамасы, білімнің зайырлы қағидаттары, сондай-ақ белгілер, дәстүрлі емес діни ағымдардың (ДДА) белгілері, олардың ұстанымдары мен рәсімдерінің ерекшеліктері, теологиялық догмаларының нюанстарына, басқадай ұғымдарына кеңінен тоқталады.

Ксенофобия және экстремизмнің алдын алу үшін көптеген ғылыми-ағарту жұмыстары жүргізілуде, жинақтар мен оқу құралдары шығарылуда, түрлі тренингтер, семинарлар, дөңгелек үстелдер мен халықаралық, республикалық деңгейдегі конференциялар өткізілді. Соның ішінде жастарға арналған тренингтерді өткізуге айрықша басымдық берілді, себебі халықтың көп бөлігі осы бағытта жұмыс берушілерді «нысанаға» алады және олардың ықпалына түседі.

Колледж студенттері, жоғарғы оқу орындарындағы студенттер - бұл өздерінің өмірлік жолын, өзіндік құндылықтарын, өздерінің «Мен» іздеуін және

осы қоғамдағы мақсаттарын түсіну қажет кезеңге жеткен жастар. Олар әртүрлі діни ұйымдар мен экстремистік ағымдардың оңай олжасына айналады, жас сананы толтыру, дағдарысты немесе депрессияны жеңу идеяларын, жолдарын көрсетеді.

Жастардың нәзік дүниетанымындағы бұрмалаушылықтың жағымсыз және деструктивті сана-сезімін болдырмауға көмектесу, мәнін хабарлау - Дін істері басқармасы өткізетін іс-шаралардың басты мақсаты. Іс-шараларды жүзеге асыру үшін көптеген білім ордалары үлесін қосуда. Осындай университеттердің бірі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының доктор ғалымдары және гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларындағы мамандары үнемі шақырылады.

Мемлекет деңгейінде қатаң саясат ұстану мен қарапайым тәрбие осы дерттен арылудың жалғыз бағыты деп білемін. Мұндай көзқарастарды жеңудің әмбебап әрі тиімді тәсілі жоқ. Ең әуелі ұлттық тұрғыда мобилизацияның, өзге ұлтқа қатысты теріс көзқарастың неден болып жатқанын, жалпы ксенофобияның түп-тамырын іздеу керек. Ол көбіне объектив тарихи, әлеуметтік, экономикалық себептерден, кейде білім мен тәрбиенің аздығынан болады.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы біреуді ұлтына, тегіне, нәсіліне қарай кемсітуге жол бермейді. Заң үстемдік орнаған елде мұндай ксенофобия пиғылдарын жариялау заңға қайшы. Бұл ксенофобия сияқты құбылыстар заң толық сақталмайтын елдерде көбірек болады деген сөз.

Өркениетті пікірталастың арқасында ұлт өткенін танып, әрі қарай болашаққа ұмтылуға тиіс. Бірақ ешбір қоғам әлі күнге дейін ксенофобия сияқты кеселден толық арыла алған жоқ. Бұл адамның бірегейлікті сақтауға деген ұмтылысының табиғи формасы болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Орта Азия елдеріндегі экстремизмінің алдын алу немесе болдырмау үшін қандай шаралар қолдануға болады?
2. Осы бағытта тиімді жұмыс жүргізу үшін қандай құралдар мен тетіктер бар?
3. Осы қауіпке қарсы бірлескен қауіпсіздікті жақсарту үшін біз не істей аламыз?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мирский Г. Экстремизм, терроризм и внутренние конфликты в «третьем мире» // Мировая экономика и международные отношения. – 1988. – №8.
2. Назарбек К. «Ислам экстремизмнің идеологиялық тамырлары» // Тәуелсіз Қазақстанның 20 жыл дамуындағы мәдениеттанулық ғылым. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 30 қараша, – 339 б.
3. Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар. – Алматы, 2010. – 320 б.
4. Утверждена Государственная программа по противодействию религиозному экстремизму и терроризму в Республике Казахстан на 2018 - 2022... [zakon.kz/4909643- utverzhdena-gosudarstvennaya-programma. html](http://zakon.kz/4909643-utverzhdena-gosudarstvennaya-programma.html).
5. <https://crss.uz/2019/03/05/v-kazaxstane-vedetsya-aktivnaya-rabota-po-profilaktike-religioznogo-ekstremizma-aryn/>.

ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ҚАҒИДАЛАРЫ: ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕНІ ҚОЛДАНУ

Кіріспе

Экстремизм мен терроризм ұғымдары әлеуметтік және технологиялық үдерістермен бірге кең ауқымды және әрдайым жаңарып отыратын сипатта болады. Олай болуындағы басты себеп, жағдаятқа қарай өзгеріске ұшырауында жатыр. Мысал ретінде оны суға теңесек болады. Құйылған ыдысы мен қосылған құрамына, әртүрлі күйге енуіне себеп болатын табиғи жағдайларға қарай су көптеген сипатта бола алады. Алайда жалпы сипаты оның өң түссіз, дәмсіз және формасыз зат екендігінде. Міне осы мысалдағыдай терроризм мен экстремизм де сан алуан күйге өтіп отыратын кең ауқымды ұғымдар болып табылады. Сондықтан олармен күресудың немесе алдын алудың бірде бір жолы ең әуелі оларды жақсы танудан басталады. Екеуінің де нақты анықтамасы жоқ. Оның себебі баста айтқанымыздай әр елдің ішкі жағдайына, адамдардың жас пен жыныс ерекшеліктеріне, әлеуметтік-экономикалық себептерге және тағы да сол сияқты факторларға байланысты құбылып отырады. Реттік тұрғыдан қарастыратын болсақ экстремизм терроризмнен алдын пайда болады және терроризмге алғы шартты осы экстремизм дайындап береді.

Экстремизм қоғамда кең тарайды. Барлық экстремизм түрі терроризмге әкеліп соқпауы мүмкін. Кейде қоғамның қауіпсіздігіне зиянын келтірмейтін күйде қала беретін экстремизм түрлері де көптеп кездеседі. Оның әмбебап және әлемдік деңгейде қалыптасқан нақты анықтамасы жоқ. Алайда экстремизмнің жалпы ерекшелігі қоғамдағы қалыптасқан жүйеге (заң, салт дәстүр және т.б.) қарсы шығу арқылы нәтижесінде радикалды іс әрекетке апаратын ұстаным десек болады. Ал адамдардың ең табиғи құқығы болған қауіпсіздік пен бейбіт өмір сүру хақына қол сұғатын әрекеттердың барлық түрі терроризмге жатады. Бұл жерде терроризмді де экстремизмді де белгілі бір дін, ұлт, нәсіл, идеология, философия және де сол сияқты ұғымдаға негіздеуге және солардың атына теліп атауға мүлде болмайтынын естен шығармау керек. Терроризм мен экстремизм саяси, технологиялық, идеологиялық, әлеуметтік үдерістердің трансформациясымен қаз қатар өзгеріске және дамуы ұшырап келе жатыр. Бұл

мәселе күнімізде барша әлем халықтары осы ұғымдарды жақыннан танумен қатар олармен күресу және алдын алу мәселесіне басты назар аударып отыр. Әсіресе алдын алу мәселесі тұрғысынан оларды басып озып, болдырмаудың жолдарын қарастыру көптеген елдердің басты әдістерінің қатарына еніп отыр. Бұл тұрғыдан күресуден гөрі алдын алу шаралары басымдылыққа ие болып бара жатқаны байқалады. Осы тақырыпта бұған кеңірек тоқталып, экстремизмның алдын алу мен терроризммен күрес мәселесіне қатысты әлемдік ең озық пікірлерден мысал келтірілді.

Экстремизм және терроризм

Халықаралық қауымдастық бірқатар жағдайларда терроризмді өзінің барлық нысандары мен көріністерінде қай жерде және қай мақсатта болса да, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке төнген қатердің бірі деп санайды және қатаң түрде айыптайды[1]. Сондай-ақ, халықаралық қауымдастықтың бір ауыздан келісіп және қатаң түрде ескертіп отырған бір мәселесі, терроризмді қандай-да бір ұлтқа, дінге немесе этникалық топқа сәйкестендіруден аулақ болу [2]. Халықаралық құқықта терроризмнің жалпыға ортақ келісілген анықтамасы жоқ болса да, актіні «терроризм» деп атау оның белгілі бір сипаттамаларға ие екендігіне ғана емес, сонымен бірге онымен күресу және өзара ынтымақтастық құру сияқты мәселелерде септігін тигізеді. Сол себепті ол сөзді қолдану осы мақсатта ғана іске асырылуы керек. Әйтпегенде, жоғарыда айтылғандай қандай-да бір дінге, ұлтқа немесе идеологияға таңып атайтын болса онда жағдайды одан әрі ушықтырудан басқа нәтиже шықпайды[3]. Мысалы, ислами терроризм атауы ең кең тарап кеткен және қате қолданыстардың бірі ғана.

Терроризмнің нақты анықтамасын жасау терроризмге заңның үстемдігі мен адам құқықтарының халықаралық стандарттарына сәйкес келетін жолдарды қолдана отырып, онымен тиімді күресу үшін маңызды. Әйтпегенде терроризммен күресу деген нәрсе бітпейтін хикаяға айналып жалғаса беретін болады. Терминнің қолданылуы жергілікті және халықаралық деңгейде де құқықтық мәні зор. Мысалы, терроризм жайында ақпаратпен бөлісу, қоғам мүшелері немесе елдер бір біріне өзара құқықтық көмек көрсету, терроршылардың табыстарын тоқтату және тәркілеу, оларды құзырлы органдарға ұстап беру сияқты маңызды салдарға ие.

Терроризм әртүрлі контексте кездеседі және әртүрлі формада болады. Терроризмді анықтамас бұрын оның белгілерін білу қажет. Жалпы белгілеріне мыналар жатады:

- Қауіп (өмірге, денеге немесе жеке мүлікке);
- Халықаралық қауымдастық тарапынан мойындалған үкіметті қасақана бұзу әрекеті, атап айтқанда саясат пен заң шығарушыларға ықпал ету арқылы;
- Халықта қорқыныш пен үрей тудыру үшін нысанаға бағытталған шабуыл.

Террористік актілер қылмыстық әрекеттер болып саналады, сондықтан қылмыстық-әділет жүйесінің қатаң нысанында болады.

Осы негізде БҰҰ қауіпсіздік кеңесінің 1566 (2004 ж.) қарарында терроризмді сипаттау үшін үш жиынтық критерий қолданады: (1) ниет; бейбіт тұрғындарға қатысты адам өліміне немесе ауыр дене жарақатын алу немесе кепілге алу мақсатымен жасалған қылмыстық әрекеттер. (2) мақсат; саяси, философиялық, идеологиялық, нәсілдік, этникалық, діни немесе басқа да ұқсас сипаттағы пікірлердің негізінде, көпшілік алдында немесе жекелеген адамдар тобында, халықты қорқыту арқылы террорлық жағдай тудыру мақсатында немесе үкіметті немесе халықаралық ұйымды кез-келген әрекетті орындауға немесе одан бас тартуға мәжбүрлеу (3) және нақты іс-әрекет; терроризмге қатысты халықаралық конвенциялар мен хаттамалардың шеңберіндегі және анықталғандай құқық бұзушылықтар[4]. Терроризмге қатысты әзірге осы анықтамамен шектеле отырып, осы актілерге адамды итермелейтін негізгі күшті, яғни экстремизм мен радикализм жайында түсінік қалыптастырып алуды жөн көрдік.

Қазіргі таңда батыс еуропа елдері, терроризмді болдырмаудың тиімді құралдарын табуға тырысу барысында, адамдар алдымен терроризмге не үшін және қалай бел буытынын және одан қалай алдын алуға болатындығын анықтау үшін көп күш жұмсауда. ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер көп қырлы тәсілдер арқылы экстремизмге қарсы тұру үшін ол құбылысты жақсы түсіну қажеттілігін ескеру керек деп есептейді [5]. Терроризмге әкеліп соқтыратын экстремизмді арнайы термин ретінде қалыптастырып, қысқаша VERLT деп атау берген. Ол *Violent extremism and radicalization that lead to terrorism* деген сөздің акронимі. Мағынасы; терроризмге әкеліп соғатын қатыгез экстремизм мен радикалдану. Әрі қарай қолайлы болу үшін акронимді қолдана береміз.

VERLT-ді сәтті шешудегі бірінші қиындық тұжырымдаманың анық еместігінде жатыр. Жеке адамды VERLT-ге итермелеуі мүмкін ықтимал уәждер, идеялар және басқа факторлар бар. Терроризмге қатысы бар адамдардың бірде-бір қалыптасқан профилі жоқ және өткен немесе қазіргі

кездегі жеке істі болған адамдарға негізделген болжамдар олардың қолданылуын шектеулі қылады. Дінге, нәсілге, этникалық, жыныстық немесе әлеуметтік-экономикалық мәртебеге негізделген стереотиптік болжамдардан шығарылған жалпылама профильдер кемсітушілік/дискриминация ғана емес, сонымен қатар шешім табуға тиімсіз болып келеді [6, 57 б.].

Радикализация, егер зорлық-зомбылыққа немесе басқа да заңға қайшы әрекеттерге итермелейтін болмаса, нақтырақ айтсақ адам құқықтары туралы халықаралық заңға сәйкес заңмен анықталған жеккөрушілікті тудыру сияқты заңсыз әрекеттерге апармаса, қоғамға тікелей қауіп төндірмейді. Радикализация кей жағдайда қоғамға пайдалы өзгеріске ықпал етуі мүмкін. Мысалы, құлдықтың жойылуына себепші болған саяси және адам құқықтарын қорғаушылар және жалпыға бірдей сайлау құқығын жақтаушылар өз заманында радикалды деп саналды, өйткені олар өз қоғамдарында қалыптасқан көзқарастарға қарсы тұрды.

Террорлық радикализация - адам террористік зорлық-зомбылықты мүмкіндігінше, тіпті заңды түрде әрекет ету жолымен қабылдауға келетін үдеріс. Алайда терроризмге адамды апараты психологиялық немесе басқа да нақты жол жоқ. Террорлық радикализация әртүрлі жағдайда және әртүрлі жылдамдықта болуы мүмкін. Террорлық радикалдандыру мен терроризмге тартудың әрбір жағдайы ер немесе әйелдің жеке жағдайлары мен психологиясымен қолайлы ортаның ерекше қиылысуынан болады. Террорлық радикалдандыру және оған адам табу вакуумда болмайды, яғни қоғамдағы оқиғалардан тыс орын алмайды. Оған жеке және сыртқы әсерлердің, оның ішінде террористік насихаттаушылар мен жалдамалылардың, қоғамдағы кең өзгерістер мен мемлекеттік органдардың әрекеттері арасындағы интерактивті үдерісі ретінде қарау керек. Интернет арқылы жүзеге асырылатын террорлық радикалдандыру ЕҚЫҰ кеңістігінде және одан тыс елдерде ерекше назарға ілікті. Бұның ең қауіпті тұсы, жалғыз террорист немесе өзін-өзі бағыттаушылар деп аталатын құбылыспен байланысты, олар ешқандай айқын сыртқы бағытсыз немесе қолдаусыз өздігінен әрекет ететін көрінеді.

Террорлық радикалдандыру - динамикалық үдеріс: ол жеделдетілуі, баяулауы және кейбір жағдайларда қалпына келтірілуі мүмкін. Сондықтан, VERLT-нің алдын-алу және оған қарсы тұру үшін әр түрлі факторлардың сипаты мен әсерін және олардың өзгеруі және әртүрлі жағдайда өзара әрекеттесу дәрежесін түсіну керек. Осыған байланысты алыстататын және тартатын факторларын ажырата білу пайдалы [7]. Харизматикалық бағыттаушы

сияқты кейбір факторлар адамды қатыгез радикалдандыру жолына түсіріп, тартуы мүмкін. Зорлық-зомбылықтың құрбаны болу, мемлекет агенттерінің қолында болып қинау көру секілді пәрменсіз күйлерге түсу жағдайы адамның терроризмге деген беталысын күшейтіп, оны радикализацияға итермелеуге етуі мүмкін [6, 36 б.].

Радикализм мен экстремизмнің құрсауына ең көп ілігетін қоғамдық топ, жастар болып табылады. Жастардың радикалдануы және онымен байланысты зорлық-зомбылық Еуропада және оған көршілес аймақтарда күн санап өсіп келе жатқан мәселелердің біріне айналған. Жек көру сөздерінің көбеюі, мигранттар мен босқындарға жасалған жеккөрушілік қылмыстар мен шабуылдар, үгіт-насихат пен зорлықшыл ксенофобия, сонымен қатар Еуропада және оған көршілес аймақтардағы діни және саяси экстремизм мен террористік шабуылдардың өсуі байқалуда. Еуроодақ тек қана осы жастардың радикалдануының алдын алу үшін арнайы бағдарламалар жасаған.

Жастарды радикалдануға және зорлық-зомбылыққа итермелеуі мүмкін әртүрлі жеке, реляциялық, қауымдастық және макрожүйелік факторлар, сондай-ақ мүмкіндіктер мен траекториялар бар. Зорлық-зомбылықты радикалдандыру жастарға этноцентрлік немесе басқа идеологиялардың және қоғамның ықпалының әсерінен болуы мүмкін немесе егер олар әртүрлі себептермен әлеуметтік оқшаулану мен маргиналдану әлеуетіне тап болса, олардың елдерінде және әлемде кең саяси мәнмәтінмен, бірақ онымен шектелмеуі мүмкін. Бұған қоса, жұмыссыздық пен аз табысты жұмыс, мүгедектік, білімнің болмауы, нәсілшілдік, этникалық белгілері, шығу тегі, діні, жыныстық бағдары, әлеуметтік, ұлттық және этникалық ерекшелігіне, сондай-ақ шектеулі мүмкіндіктерге байланысты әділетсіздік пен мазасыздық сезімдеріне жауап іздеу нәтижесінде радикалдануға тап болады [8].

Осы терминдердің де терроризм секілді анықтамаларына қатысты әмбебап келісім жоқ болса да, олардың (радикализм мен экстремизм) анықтамаларына арналған кейбір элементтер төменде келтірілген. SALTO (Еуропа жастарын қолдау ұйымы) ресурстар пакетінде келтірілген Зорлық-зомбылыққа әкелетін радикалданудың алдын-алу орталығының (CPRLV) айтуынша, зорлық-зомбылық экстремизмін төрт жолға жіктеуге болады:

- 1) Саяси жүйені өзгерту мақсатында анти-капиталистік топтар жасаған зорлық-зомбылыққа ұқсас солшыл зорлық-зомбылық. Бұл санатқа сонымен қатар жануарлар құқығын қорғаушы экстремистер немесе экология мәселесін көтеруші топтар тарапынан жасалған зорлық-зомбылық кіруі мүмкін.

2) Оңшыл топтардың зорлық-зомбылық әрекеттері. Мысалы оңшыл топтар жасаған әрекеттер, көбінесе «нео-нацистік топтар» деп аталады. Мұндай топтар нәсілшілдік пен нәсілдік үстемдікті қорғауға ұмтылыс тудырады.

3) Діни саясатқа негізделген зорлық-зомбылық. Мысалы, экстремистік исламдық қозғалыстар жасаған, зорлық-зомбылық актілері. Олар көбінесе сыртқы саясатқа қатысты Батыс үкіметтеріне қарсы наразылықтары бар.

4) Нақты бір мәселеге негізделген зорлық-зомбылық. Мысалы, түсік түсіру немесе гомосексуализм сияқты бір мәселеге қатысты топтар жүргізетін зорлық-зомбылық [8].

Жастарды зорлық-зомбылыққа әкелетін радикализация олардың әл-ауқатына, сондай-ақ қоғамның және бүкіл әлемнің әл-ауқаты мен тұрақтылығына әсер етеді, өйткені ол қоғамның демократиялық құндылықтарына қауіп төндіреді. Радикалданудың бұл түрінің қауіп-қатерін жастардың экстремизмге және зорлық-зомбылыққа бейімділігін арттыруға әсерін тигізетін себептердің ерте алдын алу олардың экстремизмге қарсы тұруына жәрдемдеседі. Осы мәселелерді шешу үшін жастармен жұмыс істеудің кейбір әдістеріне білім беру мен оқыту арқылы олардың қоғамда тұлғалық тұрғыдан дамуы, ата-аналар, отбасылар, құрдастар және қоғамдастық, әлеуметтік келісімді, тұрақтылықты, қауіпсіз, позитивті және әлеуметтік инклюзивті ортаны және т.б. оқу және даму мүмкіндіктерін қамтамасыз ету сияқты мәселелерді қамтыған кең ауқымды шаралар қолға алуды қажет етеді [9, 17 б.].

Терроризм мен экстремизмге қарсы күресудің қағидалары.

Қатыгез экстремизммен күресуге қатысты жастардың белсенді азаматтық ұстанымы, маргиналдану мен зорлық-зомбылықты радикалданудың алдын-алу бойынша жұмысының сараптамалық тобы Париж декларациясын[10], Еуропалық кеңестің жастар радикализациясымен және зорлық-зомбылықпен күресудегі рөлі туралы қорытындысын[11] және алдын-алуды қолдау жөніндегі комиссияның қорытындысын[12] жасаушы топтың жұмысын негізге алатын саясаттың кешенді бағдарламасын ұсынамыз.

Жастардың арасында кең тарайтын экстремизмнің алдын алуға бағытталған шараларды сарапшылар тобы үш деңгейлі алдын-алу моделіне негізделген үйлесімді тәсіл қалыптастырды:

- Жалпы алдын-алу
- Мақсатты алдын-алу

- Индикативті алдын-алу.

Жалпы алдын-алу барлық жастарға бағытталған. Бұл деңгейдегі алдын-алу экстремизммен жанамалы түрде күресу десек болады. Бұл олардың демократиялық тұрақтылығына ықпал ететін өмірлік дағдыларды қалыптастыру және сол арқылы демократиялық құндылықтарды нығайтуға арналған шаралар. Осы деңгейдегі аспекттің мақсаты - жастарға баршаға ортақ құндылықтарға сүйене отырып, өз таңдауын жасай алу мүмкіндігін беру. Жастар азаматтық белсенділікке қатысу арқылы (еріктілік, жергілікті әлеуметтік жұмыстар және т.б.) қатыгез радикалдандыруды тоқтататын және демократиялық құндылықтардан алыстауды болдырмайтын өмірлік дағдылар үйренеді. Жастарға тән жалпы қасиет - бұл оларды басқалардың тыңдағаны. Олардың сұраныстарын қанағаттандыруды керек ететін түрлі қажеттіліктері бар. Бұл ізденіс оларды жиі зиянды емес радикалды идеялармен байланыстырады. Керісінше, бұндай идеялар олардың тұлға болып қалыптасуына пайдалы. Сондықтан жастар үшін өз идеяларын талқылауға болатын орын болуы керек.

Осы тұрғыда жастарға бағытталған алдын-алу шаралары мына пікірлер төңірегінде іске асырылуы керек;

- Альтернативті позитивті контент әзірлеу және кемсітушілікке қарсы тиімді саясатты жүзеге асыру арқылы қоғамды әлеуметтік оқшаулау мен өшпенділікке қарсы күресте жастарды қолдау.

- Мектептер, жастар жұмысы және әлеуметтік қызметтер арасындағы құрылымдық және жүйелік ынтымақтастықты дамыту.

- Мектептегі жастарды қызықтыратын мәселелерді талқылауға болатын сабақтармен таныстыру. Бұған түрлі мәселелер бойынша ашық пікірсайыстар, жалған ақпарат іздеу үшін интернетке шығу және сыни ойлауды үйрету кіруі мүмкін.

- Жастарға және олармен жұмыс жасайтын оқытушыларға диалогтық әдістер мен қақтығыстарды басқару сияқты тақырыптар бойынша тренингтер өткізу. Бұл оларға нәзік мәселелер бойынша қиын пікірталастарды шешуге мүмкіндік береді.

- Жергілікті деңгейде хабтар жасау. Онда барлық секторлар (мысалы, мектептер, муниципалды қызметтер, спорт / мәдени клубтар, қауымдастықтар, ҰЕҰ), және жастардың отбасылары жиналып, өздерін мазалаған мәселелерді талқылауға, басшылық іздеуге және байланыс орнатуға мүмкіндік табатын болу керек.

Мақсатты алдын-алу. Бұл деңгейде көптеген жастар әлсіз жағдайға душар болғанда, қауіп-қатерге ұшырап немесе қоғамнан шеттетілгенде, қоғамда өз орнын таба алмаған кезде, отбасылық немесе денсаулығына байланысты проблемаларға тап болған сәттерде түседі. Дәл осы кезеңде олар әртүрлі әлеуметтік топтарда жұбаныш таба алады және радикалды идеологиялар оларды қызықтыруы мүмкін. Бұндай күйдегі жастар радикалды әсер ететін ортада болса, террорға бағыттау желілеріне өте жылдам ілігіп кетеді. Мамандар осы сатыдағы алдын-алу шараларына қатысты жергілікті, аймақтық және ұлттық деңгейге дейінгі билік органдары өз құзыреттерінің шегінде мыналарды ескеруге шақырады.

- Егер жастар өздерінің әлеуметтік топтарымен (олардың ата-аналары, аға-інілері, құрдастары, мұғалімдері және т.б. болуы мүмкін) байланысын үзіп, өздері қабылдаған адамдарға ғана ашық болса, бұл жеке басының тәуелсіздігіне қол жеткізудің қалыпты дамуының белгісі болуы мүмкін, бірақ ол сонымен бірге экстремизм басым ақыл-ой топтары бар топтарға ғана қатысу қаупі бар болатынын да ескерген жөн. Бұл ақыр соңында зорлық-зомбылыққа радикализацияға әкелуі мүмкін.

- Жәбірлену қаупі туралы әңгімелесуді көбінесе жастар қабылдайды. Олар өздерін құрбан ретінде көрсетуге бейім. Алайда, көптеген жағдайларда бұл күшті радикалдандыру үшін емес, назар аударту үшін белгі болады. Экстремистік ойларға қолдау білдіру көбінесе ересектер қоғамына қарсы наразылықтың бір түрі немесе олар үшін өзара пікір алмасуға және өз қажеттіліктері мен тілектерін тыңдауға және өз проблемаларын байқауға мүмкіндік береді болуы мүмкін.

- Жастар арасында талқыланатын нәрсені білу үшін әлеуметтік медианы қолдану керек. Әлеуметтік желінің өрісі дамуда және интроверттерге ақыл-ойларын айтуға мүмкіндік тудыруда, сонымен қатар экстремистік ағымдарға тарту көбінесе қазіргі әлеуметтік желідегі қатынастар арқылы жүреді.

Индикативті алдын-алу экстремистік топпен байланысып жүрген және сол байланысты үзгісі келетін жастарға бағытталған (немесе байланысты үзуге қолдау білдіруге дайын болғандар). Жастардың мұндай сирек кездесетін жағдайлары көшеде немесе түрмелер мен оңалту мекемелерінде болуы мүмкін. Мұндай топпен жұмыс жасайтын мамандар, өз ісінің шебері және жетік білетін маман иелері болу керек. Жергілікті және аймақтық деңгейден ұлттық және

еуропалық деңгейге дейін тиісті құзыреттілік аясындағы органдар мыналарды ескеруге шақырады:

- Экстремистік топпен айналысып жүрген және байланысты үзгісі келетін жастарға арнайы араласуды қамтамасыз ету үшін олармен арнайы мекемелер (мысалы, қауіпсіздік секторы, психикалық денсаулық саласының мамандары, әлеуметтік қызметкерлер және мамандандырылған жастар жұмысшылары) арасындағы көп тарапты ынтымақтастықты қалыптастыру.

- Жергілікті деңгейде ақпаратпен алмасу, нақты істерді талқылау және ықтимал ұжымдық іс-әрекеттерді талқылау үшін көп мүдделі тараптармен «дөңгелек үстелдер» құру.

- Жас жұмысшыларға профилактиканың осы деңгейінде мамандандыру бойынша оқыту мүмкіндіктерін ұсыну.

- Оңалту жұмысшыларының құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне жастарға қалай жақсырақ қол жеткізуге болатындығын үйрету мүмкіндігін қарастыру [9, 40-48 бб.].

Даниялық экстремизм мен қатыгез радикалданудың алдын алуға және оған қарсы тұруға, олар саяси немесе діни болсын, әртүрлі әлеуметтік қызметтер жеткізушілерінің, білім беру жүйесінің, денсаулық сақтау жүйесінің, полицияның, барлау және қауіпсіздік қызметтерінің жүйеленген көпжақты ынтымақтастығына негізделген. Бұл соңғы онжылдықта пайда болды. Осындай ынтымақтастық үшін қажет ақпаратпен бөлісу Данияның әкімшілік әділет актісі тарапынан реттеледі, ол ортақ ақпаратты пайдалануды шектейді. Даниялық тәсілдеме басқа салалардағы ұқсас ынтымақтастықтың онжылдық тәжірибесіне негізделген және экстремизм мен радикалданудың алдын-алудан басқа мақсаттар үшін жасалған бұрыннан бар құрылымдар мен бастамалардың пайдасына негізделген. Оған мемлекеттік, аймақтық және жергілікті субъектілер кіреді және тиісінше кең қоғамға, экстремистік топтар мен топтарға, сондай-ақ заңсыз әрекеттерге қатысы бар немесе оған араласу қаупі бар адамдарға бағытталған қорғаныс құрылымы бар. Қазіргі заманғы қиындықтарға жауап беру үшін нақты әдістері үздіксіз дамып келеді, жоғарыдан және төменнен [13].

Бұлардан бөлек, Түркияның экстремизм мен терроризмнің алдын-алу және күресі бағдарламаларына бірнеше министрліктің бірлесіп жұмыс жасауы бағдарламасы қойылған. Жастар және спорт министрлігі, отбасы және әлеуметтік мәселелер министрлігі, әділет министрлігі әрқайсысы өзінің тұжырымдамасын жасап, мақсаттарын бекіткен. Сонымен қатар, дін істері

басқармасы теолог мамандарын жұмылдыру және ақпаратпен қамтамасыз етуді қолға алған [14].

Қорытынды

Халықаралық құқықта терроризмнің жалпыға ортақ келісілген анықтамасы жоқ. Терроризмнің нақты анықтамасын жасау терроризмге заңның үстемдігі мен адам құқықтарының халықаралық стандарттарына сәйкес келетін жолдарды қолдана отырып, онымен тиімді күресу үшін маңызды. Терроризм әртүрлі контексте кездеседі және әртүрлі формада болады. Терроризмді анықтамас бұрын оның белгілерін білу қажет. Қазіргі таңда батыс еуропа елдері терроризмді болдырмаудың тиімді құралдарын табуға тырысу барысында, адамдар алдымен терроризмге не үшін және қалай бел буытынын және одан қалай алдын алуға болатындығын анықтау үшін көп күш жұмсауда. Терроризмге қатысы бар адамдардың бірде-бір қалыптасқан профилі жоқ және өткен немесе қазіргі кездегі жеке істі болған адамдарға негізделген болжамдар олардың қолданылуын шектеулі қылады. Дінге, нәсілге, этникалық, жыныстық немесе әлеуметтік-экономикалық мәртебеге негізделген стереотиптік болжамдардан шығарылған жалпылама профильдер кемсітушілік/дискриминация ғана емес, сонымен қатар шешім табуға тиімсіз болып келеді.

Радикализация, егер зорлық-зомбылыққа немесе басқа да заңға қайшы әрекеттерге итермелейтін болмаса, нақтырақ айтсақ адам құқықтары туралы халықаралық заңға сәйкес заңмен анықталған жеккөрушілікті тудыру сияқты заңсыз әрекеттерге апармаса, қоғамға тікелей қауіп төндірмейді. Террорлық радикализация - адам террористік зорлық-зомбылықты мүмкіндігінше, тіпті заңды түрде әрекет ету жолымен қабылдауға келетін үдеріс. Радикализм мен экстремизмнің құрсауына ең көп ілігетін қоғамдық топ, жастар болып табылады.

Мемлекеттер полиция органдары арқылы, олардың юрисдикциясындағы барлық адамдарды терроризмнен қорғауды, сондай-ақ адам құқықтарын құрметтеуге және қорғауға міндетті. Бұл олардан терроризмге қарсы іс-қимылға, соның ішінде адам құқықтары мен заңдылықты сақтай отырып, VERLT-нің алдын алуға және оған қарсы тұруға бағытталған кешенді тәсілді қолдануды талап етеді. Егер мемлекет өзінің кез-келген агенттіктері арқылы өзінің күшін адам құқықтарының халықаралық стандарттарына қайшы мақсатта

пайдаланса, мемлекеттің терроризмге қарсы іс-қимылының тиімділігі мен заңдылығы бұзылады.

ЕҚЫҰ-ға қатысушы кейбір мемлекеттер есеп берушілік пен тиімділікті арттыру үшін қоғамдық қолдауға және қатысуға баса назар аударатын лаңкестікке қарсы қоғамдастыққа негізделген тәсілдерді жасауда. Бұл тәсілдер дәстүрлі қауіпсіздік тәжірибесінен басқа, басқа мемлекеттік органдарды, азаматтық қоғам ұйымдарын, бизнес және / немесе бұқаралық ақпарат құралдарын қосатын кең ауқымды субъектілер арасындағы серіктестікке негізделген жергілікті бейімделген және жергілікті бастамалардан тұрады. Проблемалық мәселелерді алдын-ала шешу үшін полиция, басқа мемлекеттік органдар мен қауымдастықтар арасында полиция-қоғамдық серіктестік орнатуға бағытталған қоғамдық полиция қызметі терроризмнің алдын-алу және VERLT-ге қарсы кеңейтілген стратегиялық күш-жігерге елеулі және тұрақты үлес қоса алады.

Сараптамалық топ алдын-алудың жалпы, мақсатты және көрсетілген деңгейдегі үш деңгейін анықтады. Жастар жұмысының әр түрлі деңгейдегі өзіндік үлесі бар. Жастар жұмысының жалпы деңгейі жастарды демократиялық тұрақтылыққа ықпал ететін және олардың демократиялық құндылықтарын күшейтетін өмірлік дағдылармен қамтамасыз етуге бағытталған. Мақсатты алдын-алу деңгейінде жастар жұмысы экстремистік топтарға жақын немесе олармен байланыста болған жастармен жеке немесе ұжымдық тұрғыда жұмыс жасай алады. Индикативті деңгейде біз қазірдің өзінде экстремистік топпен немесе экстремистік идеалмен айналысатын жастарды табамыз. Мұнда жастар басқа жұмысшылармен бірге осы топтардан шығуға қолдау көрсете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1) UN General Assembly, “The United Nations Global Counter-Terrorism Strategy”, Doc. A/ RES/60/288, 2006, <<http://www.un.org/en/terrorism/strategy-counterterrorism.shtml>>.

2) OSCE Ministerial Council, “Charter on Preventing and Combating Terrorism”, Porto, 7 December 2002, <<http://www.osce.org/odihr/16609>>.

3) UN General Assembly, “Declaration on Measures to Eliminate International Terrorism”, Doc. A/RES/49/60, 1994, para. 1; and UN Security Council resolutions 1373 (2001), para. 3, and 1566 (2004), para. 3.

4) Resolution 1566 (2004) adopted by the UN Security Council at its 5053rd meeting, on 8 October 2004 (S/RES/1566 (2004), <[http://www.un.org/ga/search/view_doc.asp?symbol=S/RES/1566 \(2004\)](http://www.un.org/ga/search/view_doc.asp?symbol=S/RES/1566%20(2004))>. This resolution is not legally binding.

5) OSCE Ministerial Council, “Ministerial Statement on Supporting the United Nations Global Counter Terrorism Strategy”, Madrid, 30 November 2007, <<http://www.osce.org/mc/29544>>.

6) Preventing Terrorism and Countering Violent Extremism and Radicalization that Lead to Terrorism: A Community-Policing Approach, Organization for Security and Co-operation in Europe Vienna, February 2014, 200 p.

7) Andrew Silke, “Becoming a Terrorist”, in Andrew Silke (ed.), Terrorists, Victims and Society: Psychological Perspectives on Terrorism and its Consequences (Hoboken, NJ: Wiley, 2003).

8) <https://pjp-eu.coe.int/en/web/youth-partnership/extremism-and-radicalisation-leading-to-violence>

9) The contribution of youth work to preventing marginalization and violent radicalization A practical toolbox for youth workers & Recommendations for policy makers, Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2017, 53 p.

10) Declaration on promoting citizenship and the common values of freedom, tolerance and nondiscrimination through education, 17.03.2015

11) The role of the youth sector in an integrated and cross-sectoral approach to preventing and combating violent radicalization of young people, 9460/16/ 01.06.2016

12) Communication from the Commission on supporting the prevention of radicalization leading to violent extremism, COM (2016) 379/14.06.2016

13) <https://www.diis.dk/en/research/the-danish-approach-to-countering-extremism-holds-potential-as-well-as-challenges>

<https://docplayer.net/101088988-Turkey-s-contribution-to-the-report-to-be-prepared-in-accordance-with-resolution-30-15-human-rights-in-preventing-and-countering-violent-extremism.html>

ЖАСТАРДЫҢ ЖАҢА ДІНИ АҒЫМДАРҒА ТАРТЫЛУЫНЫҢ ЫҚТИМАЛ ПРЕДИКТОРЛАРЫ

Жастардың жаңа діни ағымдарға тартылу мәселесі ең өзекті және күрделі мәселелердің бірі. Себебі барлық уақытта елдің болашағы жастармен байланыстырылып, олардан нақтылы үміт күтіледі. Сонымен қатар жастар қоғамдық санада моральдық үрей тудырудың қайнар көзі болатындығы да шындық. Жастар арасында адамгершілікке кереғар өрескел тәртіпсіздіктердің: түрлі бұзақылықтардың, әсіресе, ұрлықтың, зорлықтың, нашақорлықтың, араққұмарлықтың, жезөкшеліктің көбеюі осыған дәлел болып отыр. Қазақстан аймағын тиімді насихат жүргізу жерлерінің бірі ретінде таңдаған жаңа протестанттық миссионерлік ұйымдар үшін бұл жағдай өз идеяларын таратуда басты себеп болды. Жоғарыда аталған мәселелердің шешу жолдарын ұсыну арқылы жаңа діни ағымдар қоғамдық орындарда әр түрлі қызметтер керсетіп, кітапханаларда және мәдениет орталықтарында, ауруханаларда, өндірістік орындарындарда және өнер, спорт, туризм және журналистика сияқты салаларда семинарлар, конференциялар және конгрестер өткізіп, газет, журнал және кітап түрінде басылымдар шығарып, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан көмек көрсете отырып, жастармен жақындасып, олармен қарым-қатынас жасауда. Оларға тамақ және киім жағынан көмектесіп, жұмыс тауып беріп, әлеуметтік және мәдени іс-шараларға қатыстырып, тегін тәлім-тәрбие беріп, ғылыми және мәдени орталықтарын ашып, халыққа өздерін жаны ашитын, құтқарушы ретінде көрсете білді. Осылайша шетелдік діни, саяси және философиялық ағымдар барған жерлерінде ешқандай қарсылыққа кездеспей, керісінше сол жергілікті елдердің басшыларының көрсеткен қолдауларының арқасында алаңсыз өз жұмыстарын іске асырды. Бұл мәселелердің себебі мен салдары зерттеліп және оны шешу жолдары да ұсынылған біраз қазақстандық ғалымдардың еңбектері жарық көрген.

Қазіргі кезде Қазақстандағы жастар мәселесін жалпы мемлекеттік мәселелерден бөлек қарастыруға болмайды. Сондықтан да жастардың психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерін, олардың экономикалық жағдайын, өмір сүру образдары мен стилдерін, білім деңгейлері мен рухани

ізденістерін зерттеуді жан-жақты қолға алу керек. Еліміздегі жастардың соңғы он жылдағы әлеуметтік-экономикалық тіршілігі, мәдениеттегі орны, саяси белсенділігі, діни дүниетанымдары туралы мәселелерді біраз авторлар ақпарат құралдарында, ғылыми–практикалық конференцияларда орынды көтеріп жатыр. Қазіргі жастардың еліне деген сүйіспеншілік сезімінің төмендігі, еңбекке, профессиональды мамандыққа деген ұмтылыстарының жоқтығы, жалпы жауапкершіліктерінің де аздығы ойландыратын мәселе [1].

Аталған мәселелерді шешу үшін мемлекеттік жастар саясаты біртіндеп жастардың әлеуметтік-мәдени қалыптасуы мен дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық мүмкіндіктер жасауды қолға алуда. Әйтсе де көңіл толмайтын жайттар баршылық. Ол жастардың рухани мәдениетіне байланысты мәселелер. Рухани мәдениеттің қалыптасуы мен дамуына соңғы кездері елімізде таралған діни идеологиялардың ықпалының нәтижесін байқауға болады. Бұның бір себебі мемлекеттің діни саясаттағы шектен тыс толеранттылық ұстанымы, соның нәтижесінде көптеген жаңа діни ағымдар миссионерлік қызмет желеуімен заңға қайшы қызметтерін іске асырып, мемлекетке қарсы саясат жүргізуде [2].

Осындай көп діни ағымдардың ішінде қызметтері қазіргі зайырлы қоғам заңдарына қарама-қайшы келетіндері, тіпті ілімдерінде ашық түрде зорлық көрсетуге шақыратындары да аз емес. Яғни бұлар деструктивтік бағыттағы діни ұйымдар. Сонымен деструктивтік діни бірлестік (деструктивтік культ, тоталитарлық секта) – бұл адамның физикалық, психикалық күйіне, рухани дамуының табиғатын бұзатын, сонымен қатар қоғамдағы, мәдениеттегі дәстүрлер мен нормаларға қарсы авторитарлық иерархиялық ұйым. Бұл ұйымдарда жеке тұлғаның (лидердің) немесе топтың (біреудің басқаруымен) мақсатты түрде жасырын психологиялық зорлықты қолдану арқылы, заңсыз адамдардың санасы, іс-әрекеті және өмірі бақылауға алынады.

«Тоталитарлық секта» «деструктивтік культ» ұғымына қарағанда кеңірек ұғым, себебі тоталитарлық секта тек діни топтардың әлеуметтік-психологиялық және ұйымдық мінездемелерін беріп қана қоймайды, олардың өздеріне тән мынадай ортақ ерекшеліктері бар.

Біріншіден, олар тарататын ілім ең соңғы ақиқат деп есептеледі, кез-келген аймақта «руханилықты» (өз діндерін) таратуды талап етеді, дәстүрлі діндерге және әр елдің ұлттық-рухани құндылықтарына агрессиялық төзімсіздік немесе немқұрайлы қарым-қатынас. Екіншіден, сырттай өнегелік: барлық жаңа құрылымдар ең мейрімді мақсаттарды қойып, өздеріне тартатын

атпен көзге түседі. Олар өздерінің шынайы мақсаттарын, қызметтерінің нәтижесін жасырын ұстайды. Үшіншіден, дәстүрлі діндердің киелі кітаптарын мақсатты түрде бұрмалап, оларды өз догматтары ретінде қолданады. Төртіншіден, «психотехнология» әдісін қолдану және өз мүшелерін басқа мәлімет көзінен қиып тастау. Содан соң әр адам сектаға жаңа мүше жинауға міндеттеледі.

Барлық культтерге ортақ нәрсе секта басшыларының саяси мақсаттары, билік жүйесінде өз агенттерін ұстау. Бірде-бір ағым бұрын айтылмаған немесе қолданбаған адамгершілік құндылықтарды ұсынбайды, негізінен бұл ағымдардың іліміне мына ерекшеліктер тән: өз құдайларына сыйынады, «ақыр заманды болжайды», «жоғарғы ақыл-оймен» байланысқа түседі, «өлгеннен кейін қайта тірілу» мүмкіндігін береді.

Бұл ұйымдарда тірі адамға табынады (ұйым басшылары тірі құдай ретінде қабылданады), діни ілімдері эсхатологияға негізделеді, жиындарының көпшілігі жасырын өткізіледі, ұйым мүшелері қатал рухани бақылауда болады және бұл ұйымдар қоғамға қарсы әрекеттер жасайды. Кейбір авторлар осындай анықтаманы деструктивтік дінге немесе діни жаңа құрылымдарға береді. Бұл ұйымдардың барлығы дәстүрлі діни конфессиялар сияқты өмірдің мәнін іздеу, жанның мәңгілігі туралы, азаптан құтылу, өзін-өзі жетілдіру сияқты адамның рухани тіленістеріне байланысты мәселелерге көңіл бөледі. Секталардың қызметі тармақты маркетингті ұйымдастырғандағы сияқты бір жүйеге келтіріліп жүргізіледі. Мамандар маркетинг принциптеріне сараптама жасағанда бұл жұмыста дилер жетістікке жету үшін оның мынандай психологиялық көрсеткіштері болуы керек дейді. Ол адам дүниеқор, пайдакүнем, ұялу, ыңғайсыздануды білмейтін, екіжүзді актер болуы керек. Сонымен қоса оның кәсіби мүдделестік сезімі өте күшті дамуы қажет. Маркетингте де, секталарда да осындай қасиетпен көзге түсетін лидерлер (көшбасшылар) бар. Маркетингпен секталардың жұмыс кезеңдері де бірдей:

1. мүшелікке таңдау;
2. тармаққа баулу;
3. психологиялық тазарту.

Тармақты маркетингпен сектанттық қызмет адамдарды «бағыттаудан» басталады. Ол үшін бес–алты адамнан жиналаған топ болса жеткілікті. Бұндай кездесулерде олар өте мейрімді жанашыр ретінде әңгіме айтып, адамдардың сеніміне кіріп алады. Одан кейін біртіндеп осы адамдармен нейролингвистикалық бағдарламаның заңына сай жұмыс жасайды. Бұндай

принциппен жұмыс істейтін адам кез-келген аудиторияны транс (санадан тыс болу) жағдайына түсіре алады. Егер діни ағымдардың қызметінде осындай белгілер болып, психотехникалық әдістер қолданылса, оларды секталарға жатқызуға болады. Мамандар секталарды зерттеу барысында олардың ортақ белгілерін төмендегідей деп береді:

- жаңа келген адамға ерекше мейрім көрсету;
- үздіксіз медитация, қасиетті сөздерді (фразаларды) қайталау арқылы трансқа түсу;
- индоктринация - ұйымда уағыздалатын ілімді түсіндіру. 3-4 сағаттық діни рәміздер: медитация, діни уағыз, медитациялық музыка.

Жоғарыда аталған қызметтермен қоса бұл ұйымдар өз алдарына үлкен мақсаттар қояды :

- әлемдік деңгейдегі атақ-абыройға ие болу;
- өздеріне жаппай мүшелерді жинау;
- Ұйым мүшелерінің санасын өзгерту мақсатында олардың психикаларына әсер ету.

Адам санасын манипуляциялау бұл адамның келісімімен немесе келісімінсіз де бір іс-әрекет жасауға немесе іс-әрекет жасаудан бас тартуға мәжбүр ету мақсатымен арнайы әдіс қолдану немесе қайта-қайта ауыр қысым жасау, нәтижесінде адамның денсаулығына үлкен зиян келтіріледі. Қазір секталардағы «сананы манипуляциялау» мәселесі үлкен қылмыс деп анықталып, бұл әрекетті заң жүзінде жауапкершілікке тартылу қолға алынып жатыр.

Транс жағдайының пайда болуының физиологиялық механизімін ХХ ғасыр басында орыс ғалымы А. Ухтомский зерттеген. Ол транста болған кез-келген адамның санасы трансформацияға ұшырайды. Ол транс камланиямен бе, ритмикалық дыбыстармен бе, ғылыми лингвистикалық практикамен бе, медитациямен бе, есірткімен бе қалай шақырылса да адам санасына зиянды құбылыс болады деп қорытынды жасаған. Дәстүрлі діндер бұндай әрекеттерге тыйым салады. Адам жанының құдаймен бірігуі магиялық практика, «сырт күштерге», «рухтарға», «табиғат объектілеріне», «Абсолютке», «космостық ақыл-ойға» табыну арқылы болмайды. Дәстүрлі діндерді ұстанушыларды бірдей құндылықтар мен принциптер біріктірсе, сектанттық ұйымдар керісінше адамдарды ұйым басшысы немесе рухани ұстаз абыройына бас ию мен ұйым мүшелерінің өзара қарым-қатынастары біріктіреді. Сондықтан да дәстүрлі

діндердің ұйымдастыруларында жұмсақтық, бастық басым көрініс табады ал, жаңа құрылымдарда темірдей тәртіп арқылы өз құрамындағы адамдардың өмірі толығымен бақылауда болады [3].

Сектанттықтың қоғамдағы әртүрлі дүниетанымдық-идеологиялық, танымдық, дезинтеграциялық, субмәдениеттік, құндылықты-бағдарламалық функцияларын қарастыра келіп, сектанттық феномен көп жақты және әртүрлі әлеуметтік, экономикалық, саяси жағдайда өзінше бір әлеуметтік бағыты көбінесе девиантты-деструктивті немесе деликвентті болатындығы дәлелденген. Бірақ сектаға тек ашық девиантты-деструктивті немесе деликвентті бағыттағы адамдар ғана емес, әлеуметтік адаптациялы тұлғалар да түседі. Себебі «адам екі әлемге табиғи қажеттілікке және адамгершілік еркіндігіне жататын тіршілік иесі» (Кант), «өзін-өзі қалыптастыратын табиғаттың алғашқы бостандық алушысы» (Гердер), «еркіндіктің арқасында адам «өзін-өзі туады» яғни табиғи тіршілік иесі тұлғаға айналады, өзін-өзі айқындайтын рухани болмыс болады (Кьеркегор). Адамның өзін қоршаған ортаны өзгертуге деген, өзін рухани жетілдіруге деген жағымды ұмтылыстарын секта миссионерлері оларды өз қатарларына тарту үшін шебер қолданады. Әсіресе олар өзінің рухани, интеллектуальды, физикалық күш қайратын жүзеге асырғысы келген жастарды алдап, алғашында «әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында» деген атаумен семинарларға, курстарға қатысуды ұсынып, кейіннен өз ұйымдарының қызметіне тарта бастайды.

Секталарды құрудың және оған басқаларды тартудың, секталарға кетудің әртүрлі (сонының ішінде алданудың нәтижесіде) себептері мен қажеттіліктерін зерттей келе бұл процестің болу себебінің өзіне әлеуметтік-саяси, экономикадық және психологиялық факторлар әсер ететіндігі ашылып отыр. Ал жастардың сектаға кетуі өз өмірлеріне көңілі толмау, өзінде не қоршаған ортада бір өзгеріс жасауға ұмтылыс.

Жастарды деструктивті діни секталарға тарту процесі тұлғаның жалпы деградациясын, оның құндылықтық бағдарлары мен моральдық көзқарастарының деформациясын, қоғамға қарсы және заңсыз мінез-құлықтың пайда болуы, жеке тұлғаның физикалық, моральдық және адамгершілік деградациясына әкелетін, отбасымен, әлеуметтік институттармен және жалпы қоғаммен байланысты жоғалтуға әлеуметтік ауытқу, теріс дамуды анықтайтын процесс ретінде қарастырылады. Бұл құбылыстың негізгі себебі - жеке тұлғаға ұсынылатын қоғамның талаптары мен нормалары, осы адамдардың мүдделері мен қажеттіліктері арасындағы қайшылық. Бұл қайшылық әлеуметтік сипатта

болады. Девиантты мінез-құлықтың әртүрлі формаларының негізі әдетте дезадаптацияның белгілі бір формасы болып табылады, яғни адамның мінез-құлқы әлеуметтік институттардың (отбасы, білім беру мекемелері және басқалары) функцияларын орындайтын тікелей қоршаған ортаның стандарттары мен талаптарына сәйкес келмейді.

Діни секталардың әлеуметтік-психологиялық аспектілерін зерттейтін ғалымдардың ішінде секталарға кім және не себепті түсетіндігі туралы ортақ пікір жоқ. В. Мисснер діни тәжірибенің иррационалды формалары, соның ішінде транс, экстаз, мистикалық тәжірибелер депрессанттарды тартады деп айтады. Бұл құрбандық шалу тәжірибесіне, азаптау мотивіне негізделген культтерге тән. Өз сенімдерінің дұшпандарына деген жеккөрушілік идеялары паранойяларды тартады. Олар қызу фанаттарға айналады. Жалпы, діни культтер жоғарыда айтылғандай өздерінің эксклюзивтілік және артықшылық идеяларымен нарцистік мінез-құлықты адамдарды тартады. Д.Кларк мистикалық тәжірибеге және паранормальды қасиеттерге сенуді өзін-өзі тануға деген ұмтылысты түсіндіреді. М.Шамс пен П. Джексон діндарлық факторы стресстің жиынтық әсері деп санайды [4].

Г. Оллпорттың пікірінше, діни тұлғалардың екі негізгі түрі бар: ішкі және сыртқы .

Бірінші типтегі адамдар үшін дін тәуелсіз және соңғы құндылық болып табылады. Олардың барлық қызметі діни сенімге негізделген. Діни емес қажеттіліктер мен мүдделер олар үшін екінші реттік маңызға ие, олар өздерінің барлық әрекеттерін діни нормалар мен ережелерге бағындыруға тырысады.

Екінші типтегі адамдар үшін дін сенімнен тыс өмірлік мақсаттарға жетудің жолы болып табылады . К. Истер, бойынша, кез-келген адам сектаға түсе алады, әсіресе өмірдің қарапайым өтпелі кезеңінде, мысалы: отбасынан тыс кеткендегі алғашқы жылдар, жұмыстың өзгеруі немесе одан айрылу, оқу бітіргенге дейін немесе одан кейінгі жыл, кенеттен ауру, жақын адамның қайтыс болуы немесе жазатайым оқиға, демалыс кездері немесе өмір салтын өзгерту [5].

В.А. Богданов, жүргізген зерттеу деректер ең алдымен, жаңа діни секталарға жергілікті емес ұлттардың өкілдері, аралас некеден шыққан балалар немесе білімі төмен адамдар тартылады деген пікірді жоққа шығарды. Аум Синрикё сектасының жақтаушыларының сауалнамасына сәйкес, олар сектаға «рухани өзін-өзі тану», йога мен ағартудың жоғары деңгейіне жету, физикалық және психикалық денсаулықты жақсарту, шындықты басқа адамдарға жеткізу,

адамгершілікке жету және т.б. себептермен кірген. Жастардың деструктивті діни секталарға кету себептерін түсіндіру әрекеті осы құбылыстың себептерін үш блокқа бөлуге негіз береді.

Бірінші блок әлеуметтік себептерден тұрады (әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақсыздық, әлеуметтік теңсіздік, моральдық құндылықтар мен мінез-құлық нормаларының девальвациясы). Бүкіл әлеуметтік жүйені түпкілікті мақсатқа бағытталған қайта құру - қоғамның әр мүшесіне өзінің маңызды өкілеттіктерін барынша арттыруға мүмкіндік беретін жағдай жасау. Қазіргі қоғамдағы ахуалдың тұрақсыздығы, ұсынылған өзгерістердің іске аспауы жастар арасындағы әлеуметтік ауытқушылықтардың өсуіне әкеледі. Тез өзгертін әлеуметтік қатынастар жағдайларына бейімделе алмайтын девиантты мінез-құлықтың әртүрлі нысандары діни секта ілімдерін ұстануы көбейеді.

Екінші блок - әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық сипаттағы себептер (мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі дағдарыс, отбасылық қатынастардың тұрақсыздығы, қоғамның теріс әсері) Жастарды діни секталарға тартылу факторларының бірі - отбасылық тәрбиенің сәтсіздігі, ата-аналардың беделін жоғалту және жасөспірім балаларға әсер етудің тиімді әдістерінің жоқтығы. Отбасында жасөспірім үшін денсаулықты сақтау, психикалық және моральдық көмек қамтамасыз етілуі керек, осы қызметінде ата-аналар қоғамда қабылданған нормалар мен құндылықтарды басшылыққа алуы керек. Алайда, барлық ата-аналар өздерінің тәрбиелік функцияларын атқара бермейді. Отбасының біразы «тәуекел тобындағы отбасына» сәйкес келеді - бұл отбасы мүшелерінің қалыпты өмір сүруі үшін әр түрлі себептерге байланысты жағдай жасалмайды, отбасының маңызды функциялары орындалмайды.

Тәуекел тобындағы отбасылардың (қолайсыз отбасылар) бөлінеді әлеуметтік-экономикалық факторларға тәуелді отбасыларға (өмір сүру деңгейі төмен, өмір сүру жағдайы нашар); денсаулыққа тәуелді факторлары бар отбасылар (экологиялық қолайсыз жағдайлар, ата-аналардың созылмалы және ауыр тұқым қуалау аурулары, аналардың жұмыс орнындағы зиянды еңбек жағдайлары, санитария мен гигиена нормаларын ескермеу; әлеуметтік-демографиялық факторларға тәуелді отбасылар (толық емес, көп балалы отбасылар, қарт ата-аналары бар, қайтадан үйленген және өгей балалары бар); әлеуметтік-психологиялық факторларға тәуелді отбасылар (ерлі-зайыптылардың, ата-аналардың және балалардың деструктивті эмоционалды-конфликті қатынастары бар, ата-аналардың тәрбиелеуге дәрменсіздігі және олардың білім деңгейінің төмендігі, құндылықтық бағыттары бұзылған); қауіп-

қатер факторларына тәуелді отбасылар (алкоголизм, нашақорлық, ата-ананың өнегесіз және паразиттік өмір салты, отбасылық төбелес, қатыгездік пен садизм көріністері, сотталған отбасы мүшелерінің болуы).

Отбасылық орта, ауыр проблемалар, моральдық немқұрайлылық және отбасындағы жалпы мәдениеттің төмен деңгейі, белгілі бір әлеуметтік мәселелерді шешуге деген қанағаттанбаушылық жастарды әлеуметтік мақұлданған әрекеттерге қарсы тұра алатын балама орталарды іздеуге итермелейді. Олардың наразылығы әр түрлі көрінеді (шаштарын ерекше қию немесе киім кию, жаргон тілде сөлеу және т.б.), сондай-ақ белгілі бір топтың ерекше, «таңдаулы» мүшелігі (бейресми, фашистік, діни ұйымдар) түрінде көрсетілуі мүмкін.

Қазіргі заманғы діни секталар түсінушіліктің елесін тудырады, адамды өзін тартып, мықты қамқоршысы бар отбасын құрайды. Жалпы, секталардың тартымды күші адамға, әсіресе ол рухани дағдарысты бастан кешірген кезде, оған көпшіліктің назарын аударады. Әлеуметтік инерттілік пен апатия, бос уақытты үйлестіру, діни секталардың ересек топтарының мейрімді әсері, жекеленген жас тұлғаның деструктивті діни секталарға тартуға ықпал етеді.

Үшінші блокқа тұлғалық себептер кіреді (жеке тұлғаның құндылықтарының өзгеруі және өмірлік мағыналық нұсқаулары, сыни ойлауы). Қоғамда өз орнын таба алмайтын жастар нормативтік-құндылықтық бағдарларын жоғалтады және деструктивті діни секталар арқылы өздерінің әлеуметтік орнын табуға тырысады. Алайда секта арқылы өзін-өзі көрсету толық әлеуметтену процесіне кедергі келтіреді. Оның өмір сүруінің пайдасыздығы, жақын болашақтағы өмірді жақсарту мүмкіндігіне сенімсіздік, қоғамның рухани құндылықтарына деген скептицизм кейбір жастардың әлеуметтік және рухани адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеледі. Соның нәтижесінде құрдастарымен және ересектермен тұлғааралық қарым-қатынас бұзылып, қолайсыздықты бастан кешіреді [6].

Жастар бастапқы әлеуметтену топтарынан: отбасылардан, мектептерден және басқа да білім беру мекемелерінен, қоғамдық ұйымдардан алыстау нәтижесінде деструктивті діни ағымдарға кіреді. Бұған әлеуметтік әлсіздік сезімі, оқшаулану, мазасыздық пен депрессия, өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіз сезімдері ықпал етеді. Жеке қарым-қатынасқа, беделге және өзін-өзі бағалауға деген қажеттілікті қанағаттандыра алмаған жастар деструктивті діни секталардағы психологиялық көмекті, өзара көмек және өзара қолдау сезімін

алады, олар серіктестік және топтық қарым-қатынас тәжірибесі ретінде қабылданады [7].

Сектаға келген неофиттерді фанат адепке айналдыру мақсатында, оларды тұрақты бақылауға алып, олардың тұлғалық қасиетін бұзатын мына әдістер қолданылады:

- трансқа түсіретін әдістер жүйелі қолданылады;
- сектаның өмір сүру стилін қабылдауды талап ету;
- сыни көзқарастардың алдын-алып отыру;
- ақпараттық бақылау жүргізу - культтік, сектанттық әдебиеттерден басқа хабар беретін материалдарға тиым салу;
- қорқыту, (қауіп төндіру);
- оқшаулау – адептерге сектадан тыс достарымен, қызмет бабымен, туысқандық қарым-қатынастарды қысқартуға кеңес беріледі;
- қаржылық міндеттеме – өзінің жылжымалы және жылжымайтын мүліктерін секта басшыларының қолданысына өткізу.

Қазіргі Қазақстан территориясында таралған «дәстүрлі емес діндердің» барлығының секта деп аталынып жүргендіктерінің өзі олардың ілімдік және құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты болып отыр деп тұжырымдауға болады. Әрине жоғарыда берілген анықтама олардағы ортақ сипаттамалар:

Тізімде берілген мінездемелер барлық діни бірлестіктерден бірден көрінбейді, тіпті тән де болмауы мүмкін. Бірақ бұл жаңа ағымдарды секталар деп анықтаудың негізгі себебі – бұл ұйымдарда топ мүшелерін физикалық және психологиялық тәуелділікке түсіруді мақсат етеді [7].

Барлық культтерге ортақ нәрсе секта басшыларының саяси мақсаттары, билік жүйесінде өз агенттерін ұстау. Бірде-бір ағым бұрын айтылмаған немесе қолданбаған адамгершілік құндылықтарды ұсынбайды, негізінен бұл ағымдардың іліміне мына ерекшеліктер тән: өз құдайларына сыйынады, «ақыр заманды болжайды», «жоғарғы ақыл-оймен» байланысқа түседі, «өлгеннен кейін қайта тірілу» мүмкіндігін береді. Бұл ұйымдарда тірі адамға табынады (ұйым басшылары тірі құдай ретінде қабылданады), діни ілімдері эсхатологияға негізделеді, жиындарының көпшілігі жасырын өткізіледі, ұйым мүшелері қатал рухани бақылауда болады және бұл ұйымдар қоғамға қарсы әрекеттер жасайды. Кейбір авторлар осындай анықтаманы деструктивтік дінге немесе діни жаңа құрылымдарға береді [8].

Бұл ағымдарға мүше болғандардың ішінде туған-туыстарынан, отбасынан айрылған, жұмысынан босап, ата-аналары, дос-жарандарымен түсінісуден

қалған жастардың тағдыры өте қайғылы десе болады. Аталған жағдайлар мәселенің бір жағы ғана. Қазақстандағы дәстүрден тыс ағымдардың барлығы (сатанизм мен саентологиядан басқасы) дәстүрлі діндердегі құдай туралы, адамның сенімі туралы ілімдерді, жалпы адамгершілік принциптерін негізге алып, біраз өзгертулер кіргізіп жаңа ілім ретінде жариялайды. Бұл ілімдерде баса назар аударатын нәрсе оларда тіл, ұлттық мәдениет, патриотизм мәселелері құндылық болып саналмайды. Құдай алдында барлық адам бірдей, сондықтан оның жерді иемденуі, ұлт болуы, өзіндік ерекшелігінің болуы міндет емес. Мұндай көзқарас әлемдегі ешбір елдің саясатына сәйкес келмейді. Барлық елде гуманистік принципті ұстана отырып өз ұлтының тілін, мәдениетін, ерекшелігін сақтауға, сонымен қоса дамытуға көңіл бөлінеді. Тағы атап айту керек, мәселе бұл ағымдар өздерінің миссионерлік жұмысында психотехника тәсілін қолданатындықтары. Оның түрлі әдістерінің барлығы туралы психолог-ғалымдар дәлелдеп берді. Әлемдік тәжірибеде осы ағымдардың жұмысына байланысты көптеген қылмыстық істердің әшкереленгендігі туралы жеткілікті мәліметтер де бар. Ендігі кезеңде Қазақстандағы көп конфессионалды қоғамның осы қауіптен аман қалуы мүмкін деп қол қусырып отырмай, қауіптің алдын алу шараларын жасау, қоғамның діни сауаттылығын арттыру, болашақтың иелері жастарды рухани тәрбиелеу кезек күтпейтін мәселе тудырып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Борбасова Қ.М. Жастар және рухани тәрбие мәселесі. Қоғам және әлем. 2010. №3
2. Бурова Е.Е. Тренды новой религиозности в современном Казахстане (опыт социогуманитарного измерения). Монография. Алматы. Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. 136 б.
3. Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар. / Байтенова Н.Ж. т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. 9-10 бб.
4. Скородумов А. А. Социально-психологические предпосылки вовлечения в религиозные секты. Вестник психосоциальной и коррекционно-реабилитационной работы. –1997. – No 2. 57 б.
5. Мухина, Т.К. Формирование смысложизненных ориентаций личности – фактор профилактики социальных отклонений молодежи : монография / под общ. ред. В.А. Попова; Владим. гос. пед. ун-т.–Владимир, 2008.

6. Егорова, Т.В. Социально-педагогическая работа с молодежью неформальных объединений экстремистской направленности (на материале Германии): монография / Т.В. Егорова. –Владимир, 2007.

7. Кузнецов, К. В. Формирование у студентов педагогических умений и навыков защиты от деструктивных религиозных организаций / К.В. Кузнецов // Гуманитарные и социальные науки [Электронный ресурс] .–2011. –No5. –URL: http://www.hsesonline.ru/2011/05/13_00_08/21.pdf

8. Дворкин А. Сектоведение. Тоталитарные секты. Опыт систематического исследования. Нижний Новгород: Издательство «Христианская библиотека», 2006.

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЖАС АЗАМАТЫНДА ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ ДІНИ РАДИКАЛИЗАЦИЯҒА ТҮСУІНІҢ АЛДЫН АЛУ

Кіріспе

Динамикалық кезеңнен өтіп жатқан қоғамның ішінде, бүгінгі жағдайға байланысты анализ жасау әрине оңай дүние емес. Күнделікті болып жатқан құбылыстар, өзгерістер белгілі бір уақытты/тәртіпті бір жерде ұстап тұрмайды. Бұндай жағдайларға қоғам да дайын болғаны абзал. Жаңа заңдардың қабылдануы, жаңа тәртіптердің орнатылуы, әрине қарапайым халық арасында кейде соңы түсініспеушілікке алып барып жатады. Өйткені әрбір қазақстан азаматы өзін осы елдің бір бөлігі ретінде санайды. Өзінің және ұрпағының болашағын осы елдің болашағымен байланыстырғандықтан, елдегі әрбір жаңа туындаған мәселеге алаңдаушылықтарын білдірсе, кейбірі сынап жатады. Бұл секілді әрекеттер елдің дамуына, алға ілгерлеуіне өз септігін тигізері анық. Бірақ кейбір топтар елдегі туындаған мәселелерді өз ұпайларына шешуге тырысады. Алайда бәрі жақсы, бәрі керемет деген дүние тарихта ешбір басқарушылық кезеңдерінде кездеспейді. Әр елдің өзінің ішкі проблемалары, қиындықтары болатыны белгілі. Енді бұл мақаламызда осылардың бірі еліміздегі дін, жастар, мәдениет және дінде шектен шығу тақырыптарына тоқталып өтеміз.

Әрбір Қазақ елінің жас азаматында патриотизмді қалыптастыруда, ең алғаш елін-жерін сүйуді, құрметтеуді (елінің қадір тұтқан тұлғаларының және қастерлеген құндылықтарының) үйретілгені дұрыс. Демек ол үшін ең алғаш еліне берік сенім орнатуы, ол азамат өз болашағын өз елімен байланыстыра білуі, әлеуметтік жағдайының шешілуі маңызды орындардың бірінде. Егер де белгілі бір елдің азаматы, өз болашағын өмір сүрген елімен байланыстырмаса, ол азаматтың елге берері жоғалады. Қазақ елінде қазірде әртүрлі ұлттардың тұратындығы белгілі. Бірақ өмір сүріп жатқан ХХІ ғасырымызда, бір елде басқа ұлттардың немесе діндердің болуы қалыпты дүние екендігі белгілі. Елімізде басқа елдердегідей ұлтаралық және дінаралық қатынастарды реттеуші заңдарымыз қаралған. Нәсіліне, ұлтына, дініне және әлеуметтік тиесілігіне

қарамастан барлығына тең құқық берілген. Бұл заңдардың сақталуы, елдің болашаққа нық қадам басуына кепіл болады.

Бүгінгі күні білімнің жақсы дамыған кезеңінде өмір сүрудеміз. Бірақ білімнің артуы мен көбеюі біздің санамызды жетілдіріп, бізді білімді етпеуде. Шектен шыққан білімнің, білімділік функциясын жоғалтқандығы, білімді игеремін деп сау болған сананың сал жағдайға түсу ықтималдылығын жоғарылатады. Білімнің дәстүрлі формалары өзгерген, білімнің жаңа үлгілері адамның қабылдау санасының бұзылуына алып келіп, әуелде бастаған дұрыс жолын соңында жоғалтуы әбден мүмкін. Кез келген зерттеуді немесе іс-әрекетті жасаудың белгілі бір өзінің әдістемесі/жүйесі болады. Өйткені белгілі бір әдістемесіз, жүйесіз басталған іс қате нәтижелерді туындатып жатады. Бірақ қанша дегенмен болашақ білімді жастардың қолында.

Білім ғасыры деп аталатын бұл ғасырымызда, түрлі мамандықтардың бары белгілі. Бірақ бұл мамандандырудың бір келеңсіздігі, мамандықтардың бір бірлеріне жат жағдайға түсіп араларының ұзақтауында. Бір маманның өз мамандығынан басқа саланы бөтенсінуі, оның өз саласының да маманы болып шығуына кедергі болады. Бұл жағдай қазіргі күні еліміздің ЖОО студенттерінің арасында да көрініс табуда. Белгілі бір мамандықтың иесі келесі мамандыққа керексіз көзқарас танытып тұрады. Бұл оның болашақ маман ретінде қалыптасуына кедергі келтіретіні анық. Жоғарыда айтып өткеніміздей белгілі бір зерттеу мен оқытудың, яғни әрбір әрекеттің өзінің методикасы/жүйесі болады. Егер жасалатын сол әрекеттердің басы мен соңы өлшеммен жүйелендірілген жағдайда, жақсы нәтиже беріп, өз жемісін беретіні сөзсіз. Бұл дін ұстанушыларына да қатысты дүние болып келеді. Ұстанған дініңіз дұрыс білімге, нақты дәлелдерге сүйенбесе, діндарлықтың да дұрыс нәтиже бермейтіні айқын.

Жастар түсінігіндегі дін

Барлығымызға белгілі болғандай, еліміз өзін зайырлы мемлекет ретінде қарастырады. Бізде зайырлылық қағидаттары қаралғандықтан, мемлекетте діни еркіндікке жол берілген. Еліміздің азаматы қай дінді ұстанамын десе де өз еркінде. Бірақ теріс пиғылды, елдің болашағына нұқсан келтіретін, жастардың санасын улайтын ағымдарға жол берілмеуде. Қазақстанда түрлі діни бірлестіктер де қазіргі күні тіркеуден өтіп өз жұмыстарын атқаруда. Зайырлы мемлекетте белгілі бір діннің қағидаттары мемлекеттік басқаруға араласпайды. Әрине қазақ елінің тарихымен ұштасу негізінде Исламдағы ханафи мазхабы халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлі

мойындалады. Бұл бағыттар қазақ елінің дәстүрімен ұштасқандықтан, халықтың бірегейлігінің негізі болып табылады деген сенім бар. Сондай-ақ басқа да тіркеудегі діни бірлестіктердің құқықтары шектелінбейді. Қазақстандағы діни бірлестіктердің өзара ынтымақта өмір сүрулері мақсатында араларында діни төзімділіктің сақталуы көзделген.

Қоғамымыздағы жастардың дінге бет бұруы, қазіргі күні кең талқыланып жатқан тақырыптардан болуда. Жаһандану деп атаған ғасырымызда қоғамдар арасындағы шекаралар алынып, қоғамдардағы жылдамдықпен қарқын алған өзгерістер адамдардың өмірлік санасын және қалыптасқан ұйғарымдарын өзгеріске түсіріп, түрлі көзқарастарды да туындатуда. Әлеуметтік ортадағы жастардың бұл өзгерістерге куә болып, түрлі топтардың арасында қалулары және өздерінің болашаққа қарай ұмтылыстарын жоғалтулары олардың психикалық кері тартпа рухани топтардың ішінен өздерінің орнын іздеуге мәжбүрлікке салуда. Өзінің жас болуымен бойындағы қадір тұтқан құндылықтардың жылдам өзгеріске түсуі және өмір сүрген қоғамның да өзгеріп отыруы, жастардың бір мәселеде шешім қабылдауын тежейді.

Қоғамның дінмен байланысы ертеден қалыптасқан дүние болғандығы бәрімізге мәлім. Дін қоғамға әсер еткеніндей, қоғамның да дінге әсері болады. Қоғамның орналасқан аймағына қарай формасы өзгереді. Бұндай жағдайларды діндерді зерттеу барысында жолықтырамыз. Бүгінге дейінгі зерттеулерді қарастыра келе, салыстырмалы түрде мынадай қорытындыларды байқаймыз: діндарлық қалыптың өзгеріске түскендігі және әлеуметтік өзгерістердің оған әсерін көрсетеді. Демек жастардың дін түсінігі және діндарлықтарын зерттеуде, бойындағы қадір тұтқан құндылықтарының өзгеріске түсуі секілді тақырыптар аясында қаралуы мүмкін болуда.

Жастардың дінді ұстануына байланысты көптеген мақалалар жазылған. Әлбетте нақты бір нәрсені басып айту оңай дүние емес, қазіргі жастардың дінді түсінулеріне қарай [1, 47 б.] және социологиялық зерттеулерде көбіне жастардың бойындағы рухани құндылықтарға да аса мән беріледі [2, 186 б.], дінді адамның жан дүниесінің тереңінен орын алатынын білдіріп, объективті методиканың жарамсыздығын көрсетсе, субъективті түрде зерттеуді ұсынады [3, 41 б.]. Бірақ бұл зерттеулердің өзі белгілі анкеталармен шектелген. Сонымен қоса жастар мәселесіндегі зерттеулерде белгілі бір көзқарастардың алдында шарасыз болуынан түрлі пікірлердің құрбанына айналып жатқандығы да берілуде [4, 25 б.]. Бұл зерттеулер жастардың түрлі пікірлерге сыни көзқараспен қарайтын сана орнатудың маңыздылығын білдіреді. Сондай-ақ

бүгінде жастардың арасынан «мен деистпін, атеистпін» деушілері немесе басқа дін өкілдігіне оңай өтіп жатқандары бар. Әрине дін бостандығы және бүгінгі күні бұл секілді сөздерді есту де таңқаларлық мәселе емес. Жас азаматтың дінді дұрыс түсінбеуінен/түсіндірмеуінен, әрі дінге бөтенсіп кетуінен туындайтынын алға тартқандар да кездеседі [5, 138 б.].

Жастардың дінмен қарым-қатынасы турасында жасалған зерттеулерден жас өспірімдік, студенттік, ер жеткен уақыты секілді белгілі жас аралығын қарастыра, жастық кезеңге бөле отырып, қоғамдық-мәдени ортасы, қарым-қатынасы, экономикалық жағдайы, саяси көзқарасы, оқып жетілген жері, ұлты т.б., жағдайларға қарай салыстырмалы түрде жазылған еңбектер кездесуде. Осы зерттеулерде жастардың дінмен байланысы, діндарлықтары, зайырлылық турасындағы тақырыптар алдыңғы қатардан орын алуда, әрі көбісі негативті көзқараспен жазылған. Діннің қоғамдағы болымды функцияларын кейбірі қарастырса, кейбірін де ол жайында мүлдем кездеспейді.

Қоғамдық қарым-қатынаста тәрбиенің де орны ерекше сипатталады. Бүгін де қоғамдағы жастарымыздың арасында жыныстық байланыс, күш қолдану, қылмыс, алкоголь ішімдігі, есірткіге әуестік және психикалық кризис суицид секілді белгілер жеке мәселелер болып қалмауда. Бұл мәселелер де жекеден қоғамдық проблемаға ауысты. Бұндай әрекеттерде жастардың әлсіздік танытуы қазіргі түрлі өркениеттер, мәдени-әлеуметтік ортасы, экономикалық жағдайы, жанұясы, үлгі тұтқан адамы және т.б. жағдайлардың әсер етуін түсіндіріп өткендер де кездеседі, бірақ дін ұстанушыларының арасында бұның аз болғандығын белгілейді [6, 271 б.]. Бүгінгі қоғамдағы гедонизм, эгоизм және конформизмге әуес болған қоғамның немесе жанұялардың бақыттылыққа қол жеткізулері қиын деп сипатталуда. Ләззатқа құмарлық, тәкәппарлық тек өзімшіл адамдардың жетілуі қоғамның ақсауына алып келетіндігін баяндайды. Адамдардың жалқаулануы, люкс өмірге бейімделуі және ойын сауықтың көбеюі, жауапкершіліктің азаюы, тойымсыздықтың белең алуы, социумда мейрімділіктің және эмпатияның жоғалуы, менмендіктің дұрыс көрсетілуі және суицидтің артуы - «Калифорния синдромы» деп бағаланады [7, 427 б.].

Жастар арасындағы бұндай әрекеттердің алдын алу жолында әрқашан мектеп оқушыларының 9, 10, 11 сыныптарда тәрбие сағаттары және басқа да іс-шаралар өткізіліп тұрады. Бірақ бұлардың сапасы қандай деңгейде өтуде? Соңғы сынып оқушыларына мораль мен құндылықтар, жанұя бақыты, мектеп қабырғасынан шыққаннан кейінгі өмірі, жауапкершіліктің жанұяда маңыздылығы секілді тақырыптарға да басымдылық берілгені абзал. Мектеп

қабырғасынан шыққан жас өспірімнің барлығы ЖОО түсуіне ешкім кепіл бола алмайды. Бітіріп шығып бірден отбасы құратындар да кездеседі. Сондай-ақ күш қолданушылық, қатыгездік, қылмыстың қоғамдағы бұрыс беттерін сипаттай, орнына құрмет пен мейірімділіктің, имандылықтың және білімді болудың насихатталуы жас санаға әсер ететіні сөзсіз. Кейде үйде көрмеген мейірімділіктің, насихаттың оқу орындарынан берілуі де жасырырын емес. Жас өспірімнің өмірде алдындағы қиыншылықтарға төзе білуін және сабырлықпен қиындықтарға қарамастан еңбек етуін, өмірдің маңыздылығын және айналасындағы адамдардың оны бағалауын түсіндіру және бұл бойынша тақырыптардың әр қырынан көрсету психологиялық кризис суицидтің алдын алуда жәрдемші болары анық.

Еліміздің жас азаматының тәрбиесі елдің болашағы үшін маңызды орында болмақ. Жастар түсінігіндегі діннің де дұрыс қалыпты болуы үшін, діннің де бір әдістемемен түсіндірілуі керек. Елімізде «бала тәрбиесінің орны» тақырыптары аясында жалпы дінмен байланыстырыла жазылған, ғалымдар арасында талқыланған, әрі оң нәтижелі көрсеткішке ие болған ғылыми еңбектер жоқтың қасы. Мысалы: мұсылман тарихында ғасырлардан келе жатқан «Ислам ахлақы» тақырыбы аясында жазылып зерттелінген көптеген еңбектер бар. Бұл еңбектердің де ашылып қаралып зерттелінуі маңызды орында тұр. Өйткені қазір дінге көптеген жастарымыз бет бұрып қызығушылық танытуда. Бұл жағдайды басқа топтар өз мүдделеріне пайдаланбауы мақсатында әрбір алаң бос қалмауы керек, әрбірі нақты зерттеуді қажет етуде. Жас азамат, бір елдің болашағы, бүгін қалай тәрбие берілсе, ертеңгі ұрпақ та солай болып шықпақ.

Қоғам түсінігіндегі діни радикализация

Адамзат тарихына көз жүгіртер болсақ, дін ұстанушыларының белгілі бір кезеңдерден кейін түрлі көзқарастарға және түсініктерге ие болғандығын көреміз. Өз араларында топтарға бөлінгендігіне де куә болудамыз. Иудаизм, Христиандық және тағы да басқа діндерде кездескеніндей, Мұсылмандар арасында да бұндай жағдайлардың орын алғандығы белгілі. Қазірде қоғамда көп талқыға түсіп жатқан мұсылмандар арасында туындаған түрлі пікірлері мен көзқарастары.

Бүгінгі күні Исламды түрлі терминдермен біріктіре Ислам дінін кірлетуге тырысып бағып жатқандар да аз емес. Ислами радикализм, Ислами фундаментализм, Исламдық экстремизм, Исламдық терроризм секілді сөздердің қолданылуы, ислам діні тек экстремизм мен терроризмді насихаттайтын, қоғамнан тысқары қалған қауқарсыз дін ретінде көрілуде.

Исламдағы қадірлі деп саналған «жамандықтан тыйып, жақсылыққа шақыру», «жиһад» және т.б. секілді сөздер, құндылықтар бүгінде басқа мағыналар мен түсініктерге ие болуда. Егер бір дін елге қарсы келуге, отбасының бұзылуына, қылмыс жасауға үгіттесе, бұл дін емес діни болмысын жоғалтқан түсінік. Бұндай түсініктерді көбіне белгілі топтар насихаттайды.

Дінді саясиландыру қоғамдағы кейбір теріс жағдайлардың туындауына алып келеді. Сонымен қоса дінді саясиландырған діндарлар деп келтіруде. Бірақ дінді саясиландырушы дінге қарсы келушілер деп баға беруге болады. Діндерді немесе діндарларды қоғамнан ығыстырып маргиналдандыру да кері әрекеттердің пайда болуына алып келеді. Қайта қоғамдық қарым-қатынасқа, қиыншылықтарында жәрдем беру немесе оң көзқарас таныту жақсы нәтижелерді береді. Демек, белгілі діндер саяси қысым көріп, қандайда бір қиыншылықтардан шыға алмаса, олар басқа жолды іздейді және түрлі аргументтерді қарастырады. Мысалы: өздеріне қорған болатын саясаттан адам іздеуі мүмкін немесе өздері сол жерлерге баруы да әбден мүмкін. Әрине Қазақстанның дін саясаты бұл мәселелерді өз бақылауында ұстауда.

Қоғамдағы діни радикализм көп талқыланудағы актуалды тақырыптардан болуда. Технологияның дамыған уақытында шектен шығушылық экстремизмге адамдарды үгіттеу де оңай құбылысқа айналды. Адамдарды оңай радикалдандырып, экстремистік топтар қатарынан шығаруда. ИШИМ-нің де шығуы және ол жерге барғандардың көбісі батыс өлкелерінен болулары, бұл адамдар қоғамнан алшақтатылған, экономикалық-саяси қысым көрген, шеттетілген жастар. Бұндай қарым-қатынасты көрген адамдарда, уақыттың өтуімен қоғамға деген теріс көзқарасы ұлғая түседі. Осылайша өз сенімдерін жүзеге асыру мақсатында бір жерді немесе шығу тетігін іздейді. Әрине ТМД елдерінің кеңестік түсініктен кейінгі дінді түсініп қабылдауы да әлеуметтік-психологиялық салада қаралып терең зерттелінетін/зерттелінген тақырыптардан. Өйткені кеңестік кезеңдегі қоғамдағы кейбір тұстарды, қазіргі кезеңнен іздеуі және соның ықпалында қалуы, әрі экономикалық-қоғамдық теңдік пен әділдікті қарастыруы секілді ұстанымдар да кездеседі. Бұл тақырыптар аясында зерттеу жұмыстары күшейтілмесе, радикалдылық қазір болмаса да келешекте белең алуы ықтимал. Біз тек оның таралуына жол ашып мүмкіндіктер жасап беруіміз әбден мүмкін.

Радикал сөзі қазақ тілі қолданысына батыстық терминологиядан келген сөздердің бірі. Радикал сөзі түп негізді, түпкілік мағыналарына келеді. Радикализм – шектен шыққан белгілі бір көзқарасты жақтаушы [8, 57 б.], саяси

түпкі негізге сүйенген қандайда бір тұжырымдаманы қолдаушы және белгілі бір мақсатта оны өзгертуді көздеуші секілді түсініктерге ие. Түп негізге сүйену фундаментализмді де білдіреді. Сонымен қоса радикализмнің барлық түрінде интеллектуалды, саяси, психологиялық, діни, әлеуметтік және т.б. себептердің болу ықтималдылығы да көрсетілген [9, 22 б.]. Кейбір зерттеулерде Исламдағы радикализмді Исламизм деп келтірілген тұстары да кездесуде [10] және христиан діні өкілдерінің дәстүрлі емес Исламды қабылдаулары жайындағы анализдері де берілген [11. 118 б.] . Бұл жұмыстардан әрбір мемлекеттің өз елдері үшін алаңдаушылықтарын көруге болады. Әр қайсысы бұл жағдайлардан қорғану және алдын алу мақсатында зерттеулер нәтижесіндегі құралдарын ұсынуда.

Діни радикализм аясында қазіргі күні қаралып жатқан Қазақстандағы топтардан сәләфилік деп танылған Ханбалилік-Уаһабилік шеңберіндегі дін ұстанушылары. Радикализм шеңберінде сәләфилікті қарастыру да дұрыс көрінбеуде. Демек, әрбір сәләфи радикал деп есептелмеуде. Радикалды сәләфимен айырмашылықтары, сәләфилік Құранды уахи етілген жағдайда түсінуге тырысса, радикализм оны бүгінгі жағдайда түсінуді және түбегейлі өзгерісті мақсат етеді [12, 108 б.].

Түрлі көзқарастарға ие болу тек мұсылмандар арасындағы дүние емес, сонымен қатар жоғарыда баяндап өткеніміздей басқа да діндерде белең алғаны белгілі. Бірақ радикалды топтар, зайырлы болған елдерде, адамдардың мемлекеттік саясат пен дінді араластырмай ұстанған қоғамда азшылық топты құрауда немесе аз көрініс табуда. Бірақ әйтсе де қоғамда түсіндіру жұмыстарының жүргізілгені құптарлық іс болуда.

Қорытынды

Келешекте жастарымызға берілетін білімнің жеке немесе қоғамдық өмірлеріне пайдалы функционалды түрде жетілдірілуі маңызды орынды алуда. Жеке өмірінде білімді, өзіне сенімді, кең ауқымды ойлана алатын, бір түсініктің аясынан шыға алмай байланып қалмаған, өзгерістерді дер кезінде саралап шешім шығара алатын, түрлі көзқарастарға байсалды құрмет көрсететін, имандылықты білетін, қайырымды, өзіне және жанұясына, еліне және адамзатқа пайдалы тұлғаларды жетілдіру бүгіндері қажетті деп саналуда.

Қазақ елінің жас азаматында патриотизм/елін сүйуді, оған қызмет етуді қалыптастыру жолында әртүрлі жолдардың қарастырылуы маңызды. Келешегіміз баянды болғанын қаласақ, бүгіндері аянбай қызмет жасалғаны абзал.

Қоғамдағы радикалды топтардың да көбеюінің алдын алу мақсатында, тарихымыздағы ірі салмақты тұлғаларды, дәстүрімізді, қастерлеген құндылықтарымыздың да айтылғаны дұрыс. Өйткені діндегі мәселелермен жаңа танысушы адам, өзіне таныс болмаған құндылықтардың айтылу барысында басқаша түсінуі немесе оған басқаша әсер етуі мүмкін.

Біздің тарихымыз бен дінімізді байланыстыруымыз қоғамдағы кері радикалдық топтардың алдындағы тосқауылдардың бірі болмақ. Біз кеше қалыптасқан ел емеспіз, біздің сан ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетіміз, өркениетіміз бар. Бұлардың салыстырмалы түрде зерттелуі бүгінгі күннің талаптарынан болуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Отношение молодежи к религии. «Концептуальное и кадровое обеспечение этноконфессиональной политики в Приволжском федеральном округе». Журнал «ВЛАСТЬ». 2014 г.

2. Галлямова Д.И. ценностные ориентации молодежи как проблема социологического исследования. Вестник экономики, права и социологии № 1. 2015 год.

3. Антонина Николаевна Бражникова, отношение современной молодежи к религии. кандидат психологических наук, доцент, Брянский государственный университет им. И.Г. Петровского (БГУ). Научно-теоретический журнал «Ученые записки». № 9(79) – 2011 год.

4. Рысбекова Ш.С., Рысбекова Г.Е. молодежь и религия. Вестник КазНУ. Серия религиоведения. №4 (4). 2015 год.

5. Karaca F. Gençlik ve dinsel yabancılaşma. Gençlik dönemi ve eğitimi II. Tartışmalı İlmî Toplantı. İstanbul. 2003.

6. İbrahim Duran. Gençlik döneminde görülen ahlaki sorunlar karşısında din kültürü ve ahlak bilgisi dersinin yeri. Atatürk Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi, Sayı: 40. Erzurum. – 2013.

7. Merter Mustafa. Dokuz yüz katlı insan, (Kaliforniya Sendromu). Kaknüs Yay., İstanbul. – 2008.

8. Тимофеева Е.А., Яворский. Противодействия экстремизму и религиозному радикализму в пенитенциарных учреждениях зарубежных стран. Журнал Вестник. Казанского юридического института МВД России. №3 (25). 2016 год.

9. Байтенова Н.Ж., Шойбек Б.М., Досмагамбетова Д.Д. религиозный и информационный радикализм в молодежной среде. Вестник КазНУ. Серия религиоведения. №3 (19). 2019 год.

10. Федяй И.В., Кузнецов А.А., Исламский радикализм как религиозно политический феномен в современном научном дискурсе. <https://cyberleninka.ru/article/n/islamskiy-radikalizm-kak-religiozno-politicheskiy-fenomen-v-sovremennom-nauchnom-diskurse/viewer>

11. Шураева Л.М. переход в радикальные религиозные течения как фактор детерминации преступного поведения. Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Юриспруденция. № 2. 2018.

12. Büyükkara M.A. Türkiye'deki radikal dini-siyasi akımlar. İstanbul. 2016.

СТУДЕНТТІК ОРТАДА ЖӘНЕ БАСҚА ОРТАДА ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘРБИЕЛІЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Терроризм және экстремизм бүгінгі күннің қоғам үшін ең қауіпті мәселелері болып табылады. Осы мәселелермен мемлекет тарапынан, азаматтық қоғам, барша қазақстандықтар тарапынан күрделі күрес жүрмейінше, тұрақты, әрі қауіпсіз әлеуметтік дамуды қалыптастыру мүмкін емес. Әрине терроризм мен экстремизм, оған қарсы күрес бүгінгі күні туындаған жағдай емес. Осы құбылыстардың едәуір тарихы, негізгі сипаты, жалпы көрінісі біз үшін белгілі.

Қазақстанда терроризм мен экстремизмнің алдын алу үшін жүйелі шаралар қабылданды. Бүгінгі таңда терроризм мен экстремизмнің алдын алуға бағытталған бірқатар құқықтық нормалар бар. Оған дәлел ретінде қабылданған «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы», «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы», «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» және т.б. қабылданған заңдар туралы айтуға болады. Осы заңдар қоғамның қатерлі ісігі болып табылатын, терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл жасайтын субъектілерді, олардың құзыреттерін, құқықтарын, міндеттерін, негізгі қызмет бағыттарын және т.б. анықтайды. Жеке тарауда тіпті террористік және экстремистік әрекеттердің алдын-алу тәртібі қарастырылған. Нормативтік-құқықтық базамен бірге діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылды жүйелі жүргізу үшін инфрақұрылымдық, институционалдық, қаржылық және т.б. жағдайлармен қамтамасыз етілген. Осылайша, жасалған жағдайлар мен мемлекет қабылдаған шараларды талдау нәтижесінде терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылдың жүйелі, ұйымдасқан және тұрақты қалыптасқанын байқаймыз. Мемлекеттің бұл шарттары мен шаралары терроризм мен экстремизмге қарсы тұру үшін негіз болып табылады. Алайда, бұл шаралар мен жағдайлар террористік және экстремистік қатерлерді толығымен жоймайды. Мұның басты себебі - қоғамның әлеуметтік-мәдени динамикасы (өзгерісі) мәселесі.

Әлеуметтік-мәдени динамика - бұл әлеуметтік-мәдени жүйелердің өзгеруі және даму процесі. Басымдық танытатын құндылықтар жүйесінің өзгеруі

әсерінен, қоғам мәдениеті бір күйден екінші күйге өтеді. [1] Басқаша айтқанда, әлеуметтік-мәдени динамика - бұл белгілі бір уақыт аралығында мәдениетте және қоғамда болуы мүмкін өзгерістер. [2]

XXI ғасырда әлеуметтік-мәдени динамика әртүрлі құбылыстар түрінде көрінеді, олардың арасында цифрландыру, жаһандану, құндылықтық плюрализм және т.б. сияқты құбылыстарды байқауға болады.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алған жылдардан бастап ашық қоғам саясатына өтуіне байланысты, еліміз жаһандық үрдістердің әсерін жақын сезе бастады. Онлайн медианың қолжетімді болуы, әлеуметтік желілерде халықтың көптеп отыруы, миграцияның бәсендеуі және т.б. үрдістер әлеуметтік-мәдени өзгерістердің тездетуіне алып келді. Осыған байланысты, мемлекеттің қолданатын әдеттегі іс-шаралары тойтарымсыз болуының ықтималдылығы артты. Әсіресе жастарды әлеуметтендіру және мәдениеттендіру бойынша мемлекеттік институттардың күнделікті жүргізетін іс-шаралары алаңдаушылыққа алып келеді. Бұның басты себебі, социологиялық зерттеулерге сәйкес, экстремистік діни ұйымдардың негізгі нысаны негізінен жастар категориясы болып табылатындығы. Л.Луценконың пікірі бойынша: «Жастар арасында экстремизм мен терроризм идеологиясының өршуі және оның студенттер арасында едәуір нығаюы әлеуметтік маңызды қауіп болып табылады»[3]. Бұл үрдіс келесі себептерге байланысты. Біріншіден, студенттік жастар - бұл жеткіліксіз құндыдылығы қалыптасқан тұлғалар болып табылады, яғни олар әр-түрлі әлеуметтік институттардың құндылықтарын оңай қабылдай алады. Екіншіден, 16 жасқа толмаған адамның қалыптасқан діндарлығы ұзақ уақыт бойы тұрақты болып келеді. Үшіншіден, жастар әр-түрлі саяси актілерді өткізуге қажетті ресурс болып табылады. Осыған байланысты мемлекет үшін басты мәселе дұрыс тәрбиелеу мен әлеуметтендіру төңірегінде туындайды. Бұл проблема әр-түрлі экстремистік және террористік діни ұйымдардың алдыңғы қатарлы технологияларды қолдануымен қиындалады. Мысалы, психологиялық технологиялар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ұйымдастырушылық технологиялар жатады. Осыған дәлел ретінде С.А. Буткевич сөзіне жүгінсек, мемлекеттік құқық қорғау органдары өкілдерінің көпшілігі қылмыстың киберкеңістікте кетуі туралы, сондай-ақ қарсы шаралар мен техникалық құралдардың нысандары мен мазмұнының жетілмегендігі туралы айтады. Қазіргі уақытта мемлекеттік органдар ақпараттық кеңістіктегі экстремистерден жиі ұтылатындығын мойындау керек деп ой қорытты [4].

Ресейдің Дружбы народов университетінде 2017 жылы 17-19 қыркүйекте «Актуальные проблемы антиэкстремистского и антитеррористического воспитания молодежи» атты жалпыресейлік ғылыми-тәжірибелік конференция өткен болатын. Осы конференцияға халықаралық терроризмге қарсы күресті зерттеу орталықтары, жастар арасында экстремистік көріністерді және конфликтерді зерттеу орталықтары, антитеррористік және экстремистік комитеттің мүшелері, депутаттар, білім басқармалары қатысқан.

Конференцияға қатысушылардың тұжырымдамасы бойынша, қазіргі таңда экстремизмге және терроризмге қарсы рухани-моральдік құндылықтарды қалыптастыру ең маңызды. Құндылықтардың ішінде жоғалып кеткен әлеуметтік құндылықтарды: патриотизм және интернационализмді жаңғырту қажет деп санайды. Себебі осы құндылықтардың, зиян әлеуметтік құбылыспен күресуде, өз бойларында біріктіруші потенциалдары бар.

Ұлттық, этностық және діни қайшылықтардан өршіген терроризм өте зұлым және қантөгерлік болып келеді деген ойды конференция мүшелері айтты.

Барлық айтылған сөздердің квинтэссенциясы келесі тезис болды: Ресей қоғамының, басқа да мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың мәдени және білім беру мекемелерінің бүкіл жүйесі күнделікті қоғамдағы ұлттық және этникааралық келісім сезімдерін, азаматтығын, патриотизмін, ұлттық мақтаныш сезімін және серіктестік пен достық психологиясын қалыптастырумен айналысуы керек [5].

Жоғарыда аталған проблемаларды ескере келе, жастарға қатысты әлеуметтік тәрбие жұмысында терроризмге және экстремизмге қарсы сананы қалыптастыру үшін инновациялық технологияларды қолдану қажеттілігі туындайды. Бірақ инновациялық технологияларды жүзеге асырудың қандай мәселелері бар? Осы сұраққа жауап беріп көрейік.

Студенттердің арасында әлеуметтік-тәрбие жұмысын жүргізу мәселесі білім беру жүйесінің ақсандайтын жері ретінде түсінуге болады. Бұның нақты дәлелі ретінде С.Г. Тажбаеваның зерттеу нәтижесін айта кетуіміз жөн. Оның айтуынша, қазыргі замандағы студенттік жастарды тәрбиелеу жүйесі күрделі қайшылықтық жағдайда қалыптасуда. Қазақстандағы экономикалық өзгерістер қоғамдық өмірдің барлық салаларына әсер етті, тәрбие жұмыстың мақсаты мен сипатын, қоғам мен адамның құндылықтар жүйесін, жеке сананың рухани-адамгершілік және діни дүниетанымдық принциптерін өзгертті. Осыған байланысты, XX-XXI ғасырлар тоғысындағы Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени

ахуалдардың себебінен туындаған күрделі өзгерістер жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелерін қайта қарастыру қажеттілігін жетекші орынға қою қажет деп санайды.

Сонымен қатар, қазіргі заманға сәйкес тәрбие мазмұнын дұрыс түсінуді, ұйымдастыруды және технологияларын қолдануды барлық жоғары оқу орындарында байқай бермейміз. Оларға тәрбие процесін басқарудың тиімді жүйесі және оны әдістемелік қамтамасыз ету жетіспейді.

Алматының жоғарғы оқу орындарында оқитын 1200 студент арасында жүргізілген сауалнамасына сәйкес студенттердің көпшілігі тәрбие жұмысының идеясын қолдайды. Бірақ, университеттегі тәрбие жүйесін мақұлдай отырып, студенттер тәрбие жұмысының дамыған бағыттарын сыни тұрғыдан бағалайтындықтан, оның мазмұнын ғана емес, оның формаларын да жаңартқысы келеді.

Бірінші кезекте тәрбиенің қажетті бағыттарының тізімінде олар патриоттық, адамгершілік, толеранттылық, қазақ ері мен қызының келбетін тәрбиелеуді жөн көрді.

Студенттер үшін маңызды құндылықтар: бақытты отбасылық өмір, беделді жұмыс және жоғары табыс, жеке басының бостандығы, білім мен мәдениеттің шеберлігі, мансаптық өсу болып шықты.

Сауалнаманың нәтижелеріне сәйкес студенттердің құндылықтары басқа әлеуметтік топтардағы жастардікі сияқты, әлеуметтікке емес, жеке тұлғаға бағытталғандығы расталды.

Сонымен, жоғары және арнайы орта кәсіптік-техникалық оқу орындарының тәрбиелілік жұмысында мазмұндық және ұйымдастырушылық мәселелерін байқаймыз [6].

Бұндай жағдай көршілес Ресей елінде де орын алуда. Жоғарыда айтылған конференция мүшелерінің баяндамалары мен сөз сөйлеулерінде, қазіргі жағдайда Ресейдің тәрбие беру жүйесі терең дағдарыста тұрғаны және тәрбие процесіне теріс әсер ететіндігі айтылды.

Г.Ф.Терещенконың тұжырымдауынша бүгінгі таңда Ресейдегі тәрбиелік жұмыстың мәселелері бар. Мысалы, қазіргі студенттер басты құндылық ретінде «қажетті таныстар», «компьютер» және «секс» таңдайды. Сонымен бірге, экстремизм және ксенофобия мәселесі де алаңдатады. Өртүрлі ұлт студенттерінің 54% -дан астамы басқа ұлт өкілдеріне деген көзқарасы теріс болып келеді. 33% жастар ЖОО бітірген соң шетелге кетуді қалайды.

Г.Ф.Терещенко бұл жағдайды тәрбие жұмысының әлсіздігінен пайда болды деп санайды [7].

Н.А.Шайденконың айтуынша тәрбие жұмысын жақсарту келесі мәселелермен қиындатылады. Біріншіден, бұрынғы жылдам, үздіксіз, нақты қалыптасқан кеңестік тәрбие жүйесі, оны құрған идеологиясымен бірге жойылды. Сонымен бірге, құныдылықтық бағдарларда күрделі өзгерістер туындады. Бұл буынаралық қайшылықтарды тереңдетті. Заманауи шынайылықтың әсерінен оқытушы мен студент арасында педагогикалық қатынас сипаты жаңарды. Бүгінгі таңда бұрынғы тәрбиелік әдістерді қолдану мүлдем тиімсіз болып табылады. Бұл көрсетілген мәселелер жалпы әлеуметтік-тәрбие жұмысын қайта қарауды талап етеді [8].

Қанша дегенімен де, Қоғамдағы тенденциялар білім беру жүйесінде инновацияларды қолдануға үлкен ықпалын тигізеді. Инновациялылық педагогикалық үрдіске әрқашанда тән болып келеді. Себебі педагогиканың негізгі сипаты заман талабына сай, қоғамға пайдалы, тұлғалық сұранысқа қажетті құзыреттіліктерді дайындаумен айқындалады.

Осы ретте бізге маңыздысы, тәрбие жұмысында инновацияны қалай түсінеміз? – деген сұрақ болып тұр.

В.Н. Шишаринаның ойынша, тәрбиедегі инновация кең мағынасында ғылым мен технологиялардың жаңалықтарын қолдану аясында педагогикалық үрдістің немесе тәрбиелік қызметтің, тәрбиелік шығармашылықтың жаңаруы ретінде түсініледі. Ал шағын мағынасында, тәрбиедегі инновация – тәрбие жұмысы кеңістігіндегі жаңалықтарды шығару, пайдалану үрдісі болып табылады.

В.Н. Шишаринаның пайымдауынша, инновация сонымен бірге сапалылықты меңзейді, яғни тәрбиедегі инновацияның өзіндік критерилері бар екендіне сілтеді. Олар: инновациялылық, өнімділік және тиімділік [9].

А.Е. Солодовникованың түсінуінше, тәрбиедегі инновациялар - бұл балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіруге ықпал ететін және жастар ортасындағы асоциалдық құбылыстарды анықтауға мүмкіндік беретін жаңа тәрбие құралдарын қолдануға негізделген жүйелер немесе ұзақ мерзімді бастамалар [10].

С.В. Романченко ойынша, тәрбиедегі инновация - бұл тәрбие жұмысында алғашқыда қолданған кезде тиімділігін көрсеткен жанашылдық саналады. Оның нәтижесі тәрбие беру жүйесінің жағдайын айтарлықтай өзгерту болып

табылады. Тек, күрделі пайда әкелген жанашылдық инновация деп анықталады [11].

Жалпы тәрбиедегі инновациялардың типтеріне келетін болсақ, Д.М. Исмоилованың пікірінше, инновацияның төрт типі бар:

- Технологиялық инновация - әр-түрлі тәрбиелеу іс-шараларын кезінде жаңа техникаларды, құралдарды қолдану;

- Әдістемелік инновация - тәрбие барысында инновациялық әдістерді пайдалану;

- Теориялық инновация – тәрбиелеуде жаңа концепцияларды, гипотезаларды, заңдылықтарды, доктриналарды қолдану;

- Тәжірибелік инновация – жаңа тәжірибелік әдістемелерді, бағдарламаларды, қосымша құралдарды және т.б. қолдану болып саналады [12].

Г.Ф.Терещенконың зерттеуі бойынша бүгінгі таңда тәрбиелік технологиялардың қатарында ең кең тарағаны болып, «әлеуметтік-педагогикалық» технологиялар жатады (әлеуметтік жобалау, ұжымдық шығармашылық іс, PR технологиялар, волонтерлік, дебат және т.б.).

Н.А. Шайденконың айтуынша қазыргі жоғары оқу орындарында кең таралған тәрбиелік жұмыстардың бағыттарына: азаматтық тәрбие беру, еріктілік іс және әлеуметтік белсінділікті қалыптастыру, әлеуметтік жобалау және бос уақытын қызықты өткізу, экологиялық тәрбие және денсаулықты сақтау болып табылады. Технологиялар бойынша кең қызығушылықты тартатын: кейс-технологиялары, веб-квесттер (ақпараттық интернет-ресурспен жұмыс істеу), геокештинг (спутникалық навигациялық жүйені қолдану арқылы тығылған затты табу, туристік ойын), флеш-моб және т.б.

Нақты терроризм мен экстремизмге қарсы тәрбие жұмысындағы инновациялық технологиялар туралы зерттеушілердің бірнеше нұсқалары бар.

«Современные системы безопасности – Антитеррор» атты Ресейдің МВД заң институтында өткен форумда келесі баядамашылар өздерінің ойларын ұсынды:

С.А. Ступинаның ойынша тәрбие жұмысы толерантты іс-қылыққа, ксенофобияның алдын алуға бағытталу қажет. Бұл үшін осы тақырыптар аясында әр-түрлі жаңа диспуттар, ойындар өткізу қажет. Мысалы, ЖОО-да тәртіпті сақтау үшін ерікті түрде қосылған, ұлтаралық Дружина құруды дұрыс деп санайды. Сонымен бірге, жастардың субмәдениетінің деструктивті потенциалын түсіру үшін, экстремалды спорт клубдарын құру маңызды деп санайды.

Е.А. Димитрованың ойынша БАҚ мазмұнына қатты назар аудару қажет. Зорлық, зомбылыққа бағыттайтын текстерді жою қажет. Ақпараттық қауіпсіз ортаны қалыптастыру маңызды. БАҚ өкілдерін тәрбиелік мәні бар іс-шараларға шақыру және БАҚ өкілдерімен тығыз байланыс жасау өте маңызды деп санайды.

Л.Ю.Иванованың айтуынша қоғамдық іс-шараларды құқықтық реттеу қажет, сол арқылы экстремизмге қарсы әрекетті қалыптастыруға болады.

П.В. Теплящинның ойынша қамаудан шыққан азаматтарды адаптациялаудың маңыздылығы, экстремистік әрекеттерден сақтауға алып келеді.

А.С. Сергиенко педагогикалық және психологиялық әдістер арқылы қоғам үшін маңызды әрекеттерді дәріптеу қажеттігіне назар аудартады. Көп мотивациялық технологияларды қолдану қажеттігін айтады.

А.А. Мельниковтың ойынша біз интернеттің кері жақтарын көреміз. Алайда оны жағымды жаққа пайдалануға болатындығын айтты. Мысалы жастардың арасында терроризмге қарсы ақпараттарды тарату үшін тиімді.

Н.Н. Нагорныйдың ойынша біздің мемлекет әлі «мультикультурализм» феноменінің маңыздылығын әлі дұрыс бағаламай отыр. Европа осы феноменге басты назар аудартады. Сол себепті, көп іс-шараларды осы бағытта өткізу маңызды деп санайды. [13]

П.А. Кисляковтың ойынша студенттік ортада толерантты ортаны қалыптастыру өте маңызды. Оның аясына қарым-қатынастарды гуманизациялау, педагогикалық-психологиялық тұрғыда ұйымдастырушылық іс-шараларын өткізу жатады. Сонымен бірге, экстремизмге қарсы профилактикалық іс-шараларды ойын түрінде өткізген жөн. [14]

Жалпы жоғарыда көрсетілген барлық ғылыми тұжырымдамаларды саралай келе, студенттер арасында терроризм мен экстремизмге қарсы сананы қалыптастыру бойынша инновациялық, әлеуметтік-тәрбиелілік технологиялар туралы бірнеше мағлұматтарды жөн көреміз. Біріншіден, терроризм мен экстремизмге қарсы күресу үшін патриотизм және ұлтаралық, конфессияаралық ынтымақтастық құндылықтарын дәріптеуді алдыға қою. Екіншіден, инновациялардың әлеуметтік-педагогикалық технологияларына көбірек көңіл бөлу. Үшіншіден көрінген жанашылдықты инновация деп санамау. Оның арнайы критерилерін ескеру. Бесіншіден, инновацияларды қолдануда студенттердің ойын, қызығушылығын ескеру қажет. Алтыншы, терроризмге қарсы, қоғамға пайдалы, альтернативті іс-шаралар ұйымдастыру қажет.

Бақылау сұрақтары:

1. Тәрбиедегі инновацияны қалай түсінесіз?
2. Инновациялардың қандай типтері бар?
3. Тәрбиедегі инновациялық технологияның қай түрі кең тараған?
4. Терроризм мен экстремизмге қарсы сананы қалыптастыруда қандай құндылықтар ең маңызды?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сорокин П. А. Главные тенденции нашего времени / Пер. с англ.. — М.: Наука, 1997. https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%BE%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%BA%D1%83%D0%BB%D1%8C%D1%82%D1%83%D1%80%D0%BD%D0%B0%D1%8F_%D0%B4%D0%B8%D0%BD%D0%B0%D0%BC%D0%B8%D0%BA%D0%B0
2. Штуден Л.Л. Культурология. Новосибирский государственный университет экономики и управления (ЭЛЕКТРОННЫЙ ВАРИАНТ ЛЕКЦИЙ) 2010г. <https://studfile.net/preview/5872986/>
3. Луценко Л.М., Луценко Ю.В. Проникновение идеологии экстремизма и терроризма в молодежную среду и меры адекватного противодействия // Вестник МГУЛ – Лесной вестник. 2016. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/proniknovenie-ideologii-ekstremizma-i-terrorizma-v-molodezhnuyu-sredu-i-mery-adekvatnogo-protivodeystviya> (дата обращения: 21.05.2020).
4. Буткевич С.А. Инновации в системе предупреждения терроризма и экстремизма глазами крымских правоохранителей (по результатам социологического опроса) // Общество и право. 2017. №4 (62). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/innovatsii-v-sisteme-preduprezhdeniya-terrorizma-i-ekstremizma-glazami-krymskih-pravoohraniteley-po-rezultatam-sotsiologicheskogo> (дата обращения: 12.05.2020).
5. Нарбут Н.П, Пузанова Жанна Васильевна Антитеррористическое воспитание молодежи: новые вызовы новой эпохи: Всероссийская научно-практическая конференция «Актуальные проблемы антиэкстремистского и антитеррористического воспитания молодежи» // Вестник РУДН. Серия: Социология. 2015. №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/antiterroristicheskoe-voospitanie-molodezhi-novye-vyzovy-novoy-epohi-vserossiyskaya-nauchno-prakticheskaya-konferentsiya-aktualnye> (дата обращения: 21.05.2020).

6. Тажбаева С.Г. Педагогические инновации в формировании воспитательной системы и анализ воспитания студенческой молодежи в вузе. Вестник КазНПУ. 2015. URL: <https://articlekz.com/article/19679>

7. Терещенко Г. Ф. Традиции и инновации в воспитательной работе вуза // Гаудеамус. 2017. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/traditsii-i-innovatsii-v-vospitatelnoy-rabote-vuza> (дата обращения: 21.05.2020).

8. Shajdenko N. A., Kalinina Z. N. Vospitaniye studencheskoj molodezhi v pedagogicheskom vuze [Education of student's youth in pedagogical higher education institution] // Pedagogika. 2010. № 6. S. 44-50

9. Шишарина Н.В. Инновации в воспитании: характеристика критериев, признаков, условий // Сибирский педагогический журнал. 2014. №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/innovatsii-v-vospitanii-harakteristika-kriteriev-priznakov-usloviy> (дата обращения: 21.05.2020).

10. Солодовникова А.Е. Инновации в сфере воспитания в рамках новых требования ФГОС второго поколения в начальной школе. URL: <https://infourok.ru/material.html?mid=104390>

11. Romanchenko S. V. Novshestva, novovvedeniya, innovatsii: opredeleniya i sushchnost' [Novelties, new developments, innovations: definitions and essence] // Molodoj uchenyj. 2012. № 4. S. 166-168.

12. Исмоилова Д.М. Инновационные технологии как компонент развития личности в непрерывном образовании // Образование через всю жизнь: непрерывное образование в интересах устойчивого развития. 2015. №13. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/innovatsionnye-tehnologii-kak-komponent-razvitiya-lichnosti-v-nepreryvnom-obrazovanii> (дата обращения: 21.05.2020).

13. Невирко Д.Д., Сергиенко А. С. Использование инновационных технологии в формировании антитеррористического и антиэкстремистского поведения: по итогам семинара // Вестник Сибирского юридического института МВД России. 2011. №1 (9). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-innovatsionnyh-tehnologii-v-formirovanii-antiterroristicheskogo-i-antiekstremistskogo-povedeniya-po-itogam-seminara> (дата обращения: 21.05.2020).

14. Кисляков П. А. Формирование толерантности и профилактика идеологии экстремизма в молодежной среде // Russian Journal of Education and Psychology. 2011. №3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-tolerantnosti-i-profilaktika-ideologii-ekstremizma-v-molodezhnoy-srede> (дата обращения: 21.05.2020).

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ЭКСТРЕМИСТІК ЖӘНЕ ТЕРІС ДІНИ АҒЫМДАРҒА ТАРТУ БОЙЫНША ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС: БЕЛГІЛЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

Қазақстанда қазіргі діни жағдай бір қалыпты алайда кейбір экстремистік және теріс діни ағымдардың кесірінен қоғам арасында түсінбеушіліктерге орын беруде. Тәуелсіздік алғаннан бері біздің қоғамға көптеген діни ағымдар ағылып келді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында халық діни сауаттылығы аз болғандықтан діндер арасындағы айырмашылықты ажыраталмады. Қой терісін жамылған кейбір бағыттар басында жаңашырлық танытқан бір кейіп танытып өз мақсаттарын астарлы жүргізуге тырысты және тырысуда.

Діни экстермизм - қоғамда қалыптасқан діни құндылықтар мен ұстанымдарды мойындамау, сонымен қатар осыған қарсы «идеяны» агрессивті түрде насихаттау. «Діни экстермизм» терминінің нақты құқықтық белгіленген «шекарасы» жоқ және ол саяси экстремизм сияқты діни догмалардың арасында қызметін жүргізеді. Діни экстермизмді саяси қызығушылықтарын іске асыру жолындағы, мемлекеттік және халықаралық құқықты мойындамайтын, зорлық әдістерінің діни лозунгтары ретінде анықталуы мүмкін. Көбінесе ол саяси жағдайларда қолданылады: діни ұйымдардың мемлекетке немесе басшылыққа конфессиялардың бірінің өкілдері билікке келуі.[1]

Қазіргі заманда террористердің ең үлкен құралы интернет болып табылады, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы жасөспірімдердің миын улауға, санасын арбауға талпынуда. Жасөспірімдік кезең дегеніміз баланың ересек шаққа өту алдындағы кезеңі. Бұл уақытта бала өмірге басқа көзқарас қалыптастыра бастайды. Дін өзі нәзік нәрсе болғандықтан алғаш дінге қызығып жүрген жасөспірім өте сенгіш келеді, айтылған нәрсенің бәрі ақиқат ретінде қабылдап, сыни көзбен қарай алмайды. Экстремисттік және теріс діни ағымдар ұйымдар адамдарды өз қатарына қосу үшін адам психологиясына әсер ететін құралдар мен техникалардың бәрін қолданады. Уағыз насихаттары өте эмоционалды түрде өтеді және қоғамда болып жатқан әділетсіздіктерді айта отырып жасөспірімдер арасында дінсіздерге қарсы агрессиялық күй тудырады. Экстремисттік ұйымдардың діни уағыздары барлық әлеуметтік желілерде

қолданыста, өздері арасында құпия группа ашып сол арқылы жақтастарымен ғана бөлісуге мүмкіншілік алады. Сайт және әлеуметтік желілер арқылы өз идеологияларын таратуда.

Адам шарифат міндеттемеген амалдарды өзіне-өзі міндеттеп алса – бұл радикализмді ұстанғаны болады. Өйткені, мұндай жағдай оны үнемі қалыптасқан жағдайды түбегейлі түрде өзгертуге итермелеп тұрады. Ал радикализмді ұстанған адам басқаларды да осындай ұстанымды ұстануға итермелесе, онда бұл экстремизмге айналады. Жалпы радикализмнің ең қауіпті де қатерлі түрі – экстремизм мен терроризм. Бүгінгі жаһандану дәуірінде «экстремизм», «терроризм» терминдері саясатта жүргендер арасында да, қарапайым халық арасында да жиі айтылады. Саясаткерлер көп жағдайда экстремист және террористерді дұрыс түсініп жатса, қарапайым халық экстремизмнің түп төркінін мұсылман елдері мен исламнан іздеп, оған діни сипат беретіндер де баршылық. Шын мәніне келгенде, бұндай әрекеттерді белгілі бір ұлтпен немесе дінмен байланыстыруға болмайды. Себебі, ол ислам дініне ғана емес, әлемдегі кез-келген дәстүрлі діндердің бір де біріне ешқандай қатысы жоқ, жат іс-әрекет.[2]

Тағы бір нәрсені анықтап алуымыз керек жалпы экстремистік және теріс діни ағымдар дін атын жамылған бір саяси топтар десек қателеспейміз. Еш қандай дін зорлық зомбылыққа сенушілерін шақырмайды. Өкініштісі ислам атына жамылған теріс бағыттағы ұйымдар өздерінің идеологиясын жүргізу үшін қолынан келгенің бәрін істеуде. Қарап отырсаңыз адамгершілік, діни нормалардан тыс нәрсеге баруда. Бұл ұйымдардың негізгі техникасы адамдарға қорқыныш ұялату, сол арқылы өзінікін істетпек, ислам атын жамылған экстремистік және террористік ұйымдардың арманы халифат құру шарифатқа сай амал ететін, алайда сол топтардың басынан шалыс басқанын көреміз, себебі дінде қатаң тыйым салған нәрселерін өздері іске асыруда және негізгі жоғарда отырғандардың мақсаты дүние мен билік болғандықтан айтқан нәрселерінің бәрі мардымсыз болып келеді. Аллаһ тағала Қасиетті Құранда: «Жазықсыз адамды өлтірген кісінің күнәсі барлық адам баласын өлтіргенмен тең болады...»деп (Мәида сүресі, 32-аят), ислам дінінде зорлық-зомбылық, қорқыту-үркіту, елдің берекесін алу, адам өлтіруге үзілді-кесілді тыйым салынғанын көрсетті.

Байқасаныздар ИГИЛ секілді террористік ұйым өз жұмысын Сирияда қарқынды жүргізді. Әлем бойынша өз пікірлестерін жинап жиһатқа шақырды. Оның ішінде қандастарымызда бар еді. Интернет желісі арқылы жас ұрпақтың

санасын тез жаулауда. Экстремистік және террористік актілер салдарынан әлемде қаншама жазықсыз жандар мәңгі өмірге аттануда. Ең соңғы кездері кейбір террористер жеке өзі террористік акт жасауда. Бұған көптеген мысал келтіруге болады. Террористік ұйымдар өз жақтастарын сайт арқылы жинап адамдардың санасын улауда.

Қазақстанда діннің жандануы тәуелсіздік алғаннан кейін басталды. Халқымыздың діни имунитеті әлсіз болғандықтан шет елден келген діни ағымдардың ақ қарасын ажыраталмады, сонын салдарынан көптеген қандастарымыз теріс бағыттағы ағымдарға кіріп кетті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жастарымызды шетелге діни білім алуға көптеп жіберген болатын. Сол уақыттары жалпы жастардың соның ішінде жасөспірімдерде теріс діни ағымдарға кіріп кеткен еді. Сол алған білімдерің елге келіп таратқан және жақтастарын жинап үлгерді.

Қазіргі таңда еліміздегі кейбір жастарымыздың теріс діни ағымға еріп, саналарының көз алдымызда улануы ойландыратын мәселе болып отыр. Шетін көзқарасты діни ағымдардың кейбір жастардың білім мен ғылымға деген ынтасын жойып, өзге мәдениет пен теріс құндылықтарды насихаттап, жастар арасында жанжал тудыру жағдаяттары орын алып келеді. Өркениетінің алыстығы теріс жолға түскен жастарымызды ортаға сіңімділігін төмендетіп, өз алдына орта қалыптастыруға алып келетіні сөзсіз. Сонымен қатар ол орталарда қосалқы мәдениет қалыптастыратынын да жоққа шығара алмаймыз. Бұл жерде діннің атын жамылған ағымдардың діни-психологиялық және әлеуметтік тартымдылығы өз алдына бөлек мәселе. Психология саласының мамандары адам баласының құбылыс екендігі, кез-келген ортада психологиялық әрі әлеуметтік мәжбүрлікпен болған жағдайда, сол ортаның жалған идеяларына сіңісіп, ол идеяларды өте келе ақиқаттай көретінін алға тартады.[2]

Қазіргі кезде террористік және экстремистік ұйымдар өз қозғалыстарын әр түрлі платформада жүргізуде. Жастарды өз қарамағына тартуды мақсат етіп көздеген бұл ұйымдар ең алдымен сананы улауға тырысады. Ендігі жұмыс жастар және сонын ішінде жасөспірімдер арасында профилактика жұмыстарын әр дайым жүргізу керек. Қазір әлем мемлекеттері үшін активті жау осы террористік және экстремистік ұйымдар болып табылады. Әрбір мемлекет қазіргі таңда жоғарғы орган тарапынан заңдар қабылдауда.

Экстремистік және теріс діни ағымдардың алдын алу жолдары жастар мен жасөспірімдердің дін сауаттылығын арттыру. Дұрыс және бұрысты анықтауға көмектесу және адамдар арасындағы сыйластықты арттыруға талпыну

Абайдың тілімен айтпақшы "Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп". Мектеп және ЖОО ұстаздарынада ақпарат беріп, сауаттандыру керек сол кезде қарамағындағы балаларға ұстаз дұрыс бағыт көрсете алады. Тағы бір өзекті мәселені ескере кеткеніміз дұрыс болмақ ол жастар арасында мәдениеттілік, қоғамда өзін өзін ұстауы қабылеттерін жетілтіру арқылы біз көптеген келенсіз жағдайдын алдын аламыз. Жастар арасында ағартушылық жұмыстарды көптеп жүргізу керек. Қазақта жақсы бір сөз бар «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер болмайды» деген мақал үлкен ой салары анық. Негізі қазіргі заманда мектепте болсын, ЖОО да болсын әрбір оқушымен, студентпен жеке бір байланыс орнату керек. Кейбір жасөспірімдерге және жастарға расымен көңіл жетіспейді, ішіндегі айтар ойымен бөлісетін адамы болмауы мүмкін, оған бірнеше фактор әсер ету ықтимамлдылығы бар мысалы отбасы жағдайы немесе достарымен дұрыс қарам қатынастын болмауы т.б.

Жұмыссыздықтың алдын алу жолдарын қарастыру себебі жұмыссыздықта жастардың теріс ағымға кіруіне әсер етеді. Террористік,экстремистік және теріс діни ағымдардын арасында үлкен көлемді ақша жүреді және ерушілеріне ақшалай көмек көрсетеді. Жұмыссыздықтың кесірінен көптеген жастар қандайда болса мүмкіндікті қолдануға тырысады. Осы орайда мынаны ескерек кеткеніміз дұрыс болады ауылдан қалаға келген жастар жұмыс таппағанын кесірінен бірісі заңсыз іс әрекеттер жасаса, бірілері теріс бағыттағы ағымдарға еріп кетуде.

Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыдан шыққан жасөспірімдер теріс діни ағымға оңай еріп кетуі мүмкін, егер алдын ала дұрыс бағыт бағдар көрсетілмесе. Данышпан Абай атамыздың айтуы бойынша «қарны аш адамның көңілінде ар, ойында ақыл болмайтынын» бүгінгі орын алып келе жатқан діни ахуалдан көргендейміз.

Діни фанатизмның алдын алу жолдарын қарастыру, себебі террористік және экстремистік ұйымдардын негізгі бастамасы осы діни фанатизм болып табылады. Діни фанатиктердің арасында қоғамда болып жатқан оқиғаларға агрессивті пікір қалыптастыруы, өзімен пікірлес еместерге жаман қарымқатынаста болуы. Осындай адамдар террористік және экстремистік ұйымдар үшін бір объект ретінде қаралады.

Мемлекеттік дәрежеде террористік және экстремистік ұйымдарға қарсы заңамалар кең ауқымды қаралуы керек.

Экстремистік және теріс діни ағымдар жастар арасында спортпен айналысып жүрген жастарды өз қатарларына тартуға тырысады. Физикалық

дайындығы мықты жастарға әртүрлі агитациялар жүргізеді. Сонымен қоса абақтыда жатқан адамдармен де байланыс орнатып өз мақсаттарына жетуге тырысады. Жастардың қызба қандылығын қолданып оларға теріс түсініктер қалыптастырып кейбір теріс діни ұйымдар сол жастарды өз мақсаттарына қолдануда. [3]

Әрбір оқу орында психолог жұмыс жасау керек. Себебі кейбір жасөспірімдер психологиялық қысым көргендіктен теріс ағымдарға еруде. Тағы бір фактор әлеуметтік жағдайы нашар отбасыдан шыққан жасөспірім теріс ағымға тез кіру ықтималдылығы бар. Әлеуметтік жағдайы төмен адамдар агрессияға және агитацияға тез ұшырайды. Экстремистік және теріс діни бағыттағы адамдар осы топтағы адамдармен жақсы жұмыс жасайды.

Террористік және экстремистік ұйымдарға қарсы ең үлкен шара халықты БҚА арқылы жаппай діни тұрғыдан сауаттандыру және дұрыс ақпарат беру. Теріс бағытты ұстанушы сенушілер діни орындарда көп уақыттын өткізеді жаңадан дінге бет бұрған адамды көрсе онымен байланыс орнатып дінді өзінің көзқарасы бойынша үйретеді. Сол арқылы өз идеологияларын жүргізе береді.

Жастардың теріс діни ағымдарға тартылуының негізгі себептерін саралап өтсек. Оны қазіргі уақытқа дейін сарапталған мәселелермен қатар, жаңаша көзқарастар да қалыптасып үлгерді. Сараптама қорытындылары көрсеткендей, жастарды адастыратын теріс діни ағымдардың айла-әдістері сипаттасақ. Олар:

- адастыратын ақпаратқа толы интернет пен әлеуметтік желілердің саныны;
- санаға жеңіл теріс діни әдебиеттерді көптеп шығаруы;
- санаға жеңіл діни догмалар мен шаблондардың тартымдылығын арттыруы және насихаттауы;
- әлеуметтік мұқтажықтары бар жастарды қаржылық ынталандыруы;
- психологиялық тартымдылық арқылы теріс ортаға бейімдеуі;
- отбасындағы махаббаттың жетіспеушілігі мен діни қызығушылығын оңтайлы пайдалануы;
- жастарды бойына діншілдік психологияны діни мәдениеттен арттыра насихаттауы;
- әлеуметтік қиындықтарының эмоцияларын жалған діни догмалар арқылы шығаруға итермелеуі;
- психологиялық күйзелістер шеңберінде жүрген жастарға демеу болуы деген секілді бірқатар діни-психологиялық әрі әлеуметтік мәселелер.

Экстремизм және теріс діни ағымдармен күресу барысында дамыған мемлекеттердің күресу әдіс тәсілдерін зерттеп өзіміздің әдіс тәсілдерімізді жетілдіруіміз керек. Ұлттық тәрбиеге көбірек мән беріп жастарды патриоттыққа тәрбиелейтін шаралар көбірек ұйымдастыру керек.

Жастардың экстримистік және теріс діни ағымдарға жаппай кіруіт тоқтату мақсатында мемлекет жастармен профилактикалық жұмыстар жасау керек. Теріс ағымдағы ұйымдар өз мақсатына жету үшін барлық айла тәсілді қолданады. Қазақстанда атақты саясаттанушы Ерлан Карин мырзаның пікірі бойынша Қазақстан жағдайында терроризмнің таралуының үш негізгі факторын айтуда. Олар:

Біріншісі, әлеуметтік депрессия факторы, әлеуметтік мобильділік каналдарының және лифтілерінің жоқ болуы. Қоғамның маргиналдауы, сонымен қатар бай мен кедейлер арасындағы алшақтық шарықтау шегіе жеткенде әлеуметтік қарсылықтар туындайды, олардың бір түрі терактілер болуы мүмкін.

Екіншісі, идеологиялық саладағы мемлекеттік саясат тиімділігінің төмендігі, соның ішінде діни және этносаралық салада, тіл мен дін саясатын жүргізудегі формализм. Дін істер бойынша арнайы агенттіктің де құрылуы осы саода жүйелі іс әрекеттердің қажеттілігін биліктің де мойындап отырғанын көрсетсе керек.

Үшіншісі, терроризм жағдайында шекаралас мемлекеттердегі “шиеленістік ошақтарының” болуы үлкен ықпал еттеді. Біздің жағдайда Орталық Азияда тұрақсыздықтың сақталу аймақтық қауіпсіздіктің негізгі бір факторы. Мысалы, Қырғыстандағы саяси дағдарыстың ушығуы және Тәжікстанда орын алған қарулы қақтығыстар. Осыған байланысты Тәжікстанда, Қырғыстанда және Өзбекстанда түрлі сипаттағы экстримистік және террористік ұйымдардың жандануы, деп өз пікірін білдірді.[4]

Ендігі мәселе мемлекет тарапынан қауыптын алдын алу үшін Ерлан Карин мырзаның бірнеше ұсыныстары бар.

– Террористік және экстримистік қауып қатерлердің алдын алу түрлері мен әдістерін жетілдіру қажет.

– Стратегиялық инфрақұрлым объектілерін (мұнай газ құбырлары, су жылумен қамту кәсіп орындарын), сондайақ мемлекеттік маңызы бар басқада объектілерді ғана қорғауға ерекше ден қоймай, сонымен қатар терроризмнің салдарынан болған төтенше жағдайларда тұрғындарды да қорғауға бағытталған шараларды да қатар күшейту.

– Уақытылы және білікті түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша жүйені ретке келтіруге ерекше назар аудару қажет, деген ұсыныстар білдіруде.

Елімізде аты белгілі дінтануші, әл Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Байтенова Нағима ханымның пікірі бойынша «Экстремизмге қарсы күрестін бірден бір жолы олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру. Бұл жерде әрине күнделікті ақпарат құралдарының рөлі өте жоғары. Әйтсе де, жас өспірім балалар үшін ақпарат құралдарының беретін мәліметі де жеткілікті емес. Секталардың, экстремистік топтардың қаупі туралы жастарды көбірек хабардар етіп отыру қажет. Ол үшін барлық мектептерде Дінтану сабағымен қоса мамандар қауіпсіздік сабақтарын өткізіп, онда экстремистік топтарды, тоталитарлық секталарды қалай білуге болатынын түсіндіріп, олардан қалай сақтану жолын көрсетіп отырулары керек», деген ұсыныстарын білдірді.[4]

Қорыта келе еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын десек халқымызды діни сауаттандыру жұмысын жетілдіруіміз керек. Экстремизм және теріс теріс діни ағымдар туралы танымдық видеолар түсіріліп БҚА арқылы халықтың көкірек көзін ашу керек. Мектептерімізде қуантарлығы дінтану пәні жүргізілуде, алайда сол пәнді орта сыныптан оқыта бастаса жас ұрпақты мектеп кезінен діни сауаттандырып алар едік. Дінтану пәнінен беретін мұғалімдердің білімін жетілдіріп отыру керек. Мемлекет тарапынан экстремизм және теріс діни ағымдарға қатысты іс шаралар ең соңғы уақыттары көптеп қолға алынуда, дінсіз қоғам болмағандықтан мемлекет дінмен санасу керек. Дін халықтың руханияты және өте нәсік нәрсе. Елбасының жақсы бір айтып кеткен сөзі бар «Біз экстремизм, терроризм және теріс діни ағымдармен күресеміз деп дәстүрлі дінмен күресіп кетпейік» деген мағынадағы сөзі қазіргі біздің қоғам үшін өте орынды айтылған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://www.ektu.kz>
2. <https://kazislam.kz>
3. Профилактика терроризма и экстремизма в молодежной среде. – СПб.: ООО «Издательство «Русь», 2018. – 96 с.
4. Ислам Экстремизм мен лаңкестікке қарсы – Алматы, «Көкжиек-Б» баспасы, 248 бет

ҚР БҒМ ҒК философия, саясаттану және дінтану
институтының ғылыми қызметкері,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның
PhD докторанты Қалдыбеков Нұрбол Сейлбекович

ЖАСТАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДАҒЫ ЭКСТРЕМИСТІК СИПАТТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫН ЕСКЕРТУ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСУ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ АТА-АНАЛАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ОРНЫ

Жалпы дін – адамзат өмірінің барлық саласына тікелей қатысы бар құбылыс. Адамзат қоғамында дінге деген қажеттілік әрқашан да болған. Мұны біз тарихтан жақсы білеміз. Қай заманды, қай дәуірді алып қарасақ та адамдар дінге сенген. Іргелі дін болмаған күннің өзінде наным-сенім нышандары әрдайым болған. Адамдар қолдан пұт қашап, соған табынған. Адам сенімге мұқтаж болмаса ежелгі гректердің сансыз құдайларды ойлап табуында қандай қажеттілік бар еді? Исламға дейінгі араб қоғамы өз қолдарымен соншама пұтты неге жасап алды? Тіпті атеизмді мемлекеттік идеологияға айналдырып, дінге үзілді-кесілді тыйым салған Кеңес кезеңінің өзінде адамдар дінге сенген. Діни ритуалдарды жасырынып орындаған. Қазақстан халқының шамамен 70 пайыздан астамын мұсылман халықтары құрайды. 26 пайызын христиандар құрайды. Сондықтан біздің ел үшін діни сауат өте өзекті. Әдетте ата-аналар балалары дінге қызыға бастағанын байқаса, қазіргі таңдағы исламофобия мен ксенофобияның әсерімен баласының рухани ізденісіне қарсы боп жатады. Бұл қарсылықтың нәтижесі уақытша екенін ұмытпау керек. Себебі, бала үнемі ата-анасының жанында жүре бермейді. Мектеп бітсе, жоғары оқу орнына түседі. Ауылын тастап, қалаға кетуге мәжбүр. Міне, осы кезде жасөспірімдерге діни сауат ауадай қажет болады. Сондықтан баланы діннен біржақты тыю оншалықты нәтижелі әрекет емес. Балаға діннің ақ пен қарасын ажыратып, дұрыс бағыт сілтеу керек. Біздегі жасөспірімдердің діни экстремизмнің ақпараттық әсеріне түсіп қалуына көп жағдайда олардың діннен бейхабар болуы әсер ететіні белгілі. Теріс діни идеологияның ықпалына түсіп қалмау үшін балаға ата-анасы дұрыс діни түсінікті отбасында сіңіруі тиіс еді. Алайда ата-аналардың өзі діни сауаттан көп қалыс қалып жатады. Сол себепті ата-аналар осындай қауіптің алдын алу үшін мейлінше діни сауатын жетілдіру керек не болмаса арнайы дін мамандарының көмегіне жүгінуі тиіс. Кейбір ата-

аналар баласын діннен алыс ұстағысы келеді. Әрине, бұл өзінің құқы. Бірақ бір нәрсені ескеру керек. Дінге деген қажеттілікті сезінген бала ата-анасының тыйымына қарамастан түбінде дінге айналып соғады. Ең дұрысы дін туралы дұрыс түсінік қалыптастыруға тырысу керек.

Дін психологиясын зерттеуші ғалымдар адам өмірінде діннің алар орнын былайша жіктеп көрсетеді:

- Дүниетанымдық функция. Дін дүниетанымдық идеялары арқылы адамның өміріне әсер етеді.

- Легитимациялық (заңдастырушы). Дін құндылықтық-нормативтік тәртіпті заңдастырады.

- Компенсаторлық функция. Адамның әлсіздігінің орнын толтырып, қайғысын жеңілдетеді. Стресті басады.

- Коммуникативті функция. Адамның Құдаймен байланысын, содан кейін адамдармен байланысына әсер етеді.

- Регулятивті функция. Қоғам өмірін белгілі бір жүйеге келтіреді. Мәселен, көп жағдайда ұлттың дәстүрлі дінінің негізінде оның салт-дәстүрі қалыптасады.

- Мәдениет тудырушы функциясы. Дін әрдайым мәдениеттің аса қуатты генераторы болған, бола да береді [1].

Дінді пайдасы мен зияны қатар жүретін екі қыры бара құбылыс деп қарастыруға болады. Мәселен, діннің адам өмірі мен қоғамға жағымды әсері ретінде мына нәрселерді атауға болады:

- Дін өмірдің мәнін ашады. Адамның мына өмірдегі мақсаты мен орнын белгілі бір дәрежеде айқындап береді.

- Адамды жұбатады, үміт сыйлайды, рухани жетілуіне ықпал етеді. Адам көп жағдайда жаны қиналғанда Құдайды іздей бастайды. «Жәй кезде анау дейміз, мынау дейміз, Қиналып жан қысылса Құдай дейміз». Кенен.

- Адамдарды біріктіруші фактор бола алады.

- Дәстүрлі қалып пен жазылмаған заңдылықтарды бұлжытпай орындауға діннің ықпалы зор.

Ал егер дінді дұрыс ұстанбаса немесе дұрыс түсінбесе оның кері әсері міндетті түрде болады. Мәселен:

- Дінге фанаттық қатынас жасау.

- Сектаның ықпалына түсіп қалу қаупі бар.

– Өзге дін өкілдеріне төзімді қарым-қатынас жасай алмау. Бұл діни алауыздыққа алып келеді. Діни экстремизм мен терроризм аса қауіпті дүние болып тұр.

– Зайырлы өмірге деген тосын көзқарас қалыптастыруы мүмкін.

Қазіргі таңда ақпараттық қоғамның даму жағдайында діни-рухани құндылықтар өзекті мәселеге айналды. Негізінде бұл қай заманда да өзектілігін жоймайтын дүние. Адам үнемі өмірдің мәнін іздеумен жүреді. Соның ішінде жастар өмірден өз орнын тауып, өмірі бір ізге түскенге дейін әр нәрсенің басын бір шалып көреді. Сөйтіп жүріп дінге, руханиятқа айналып соқпай тұра алмайды. Қазіргі жағдайдағы сантүрлі діни-идеологиялық бағыттардың ішінен дұрысы мен бұрысын айыра білу өте қиын шаруаға айналды. Жастарда діни ағым жетекшілеріне деген қызығушылық жоқ емес. Әлі өмірлік тәжірибесі мен толысқан білімі жоқ оқушылар мен студенттер өмірдің мәнін іздеу барысында діни ағым өкілдеріне жүгініп жатады. Сондықтан діни ағымдар мен бағыттарды және олардың жастармен жұмыс істеу тәсілдерін зерттеу бүгінгі таңда өте өзекті. Деструктивті діни ұйымдар негізінен әлі діни түсінігі, тұжырымы қалыптаса қоймаған 15 пен 35 жас аралығындағы жастарды нысанаға алады. Себебі деструктивті діни ағым өкілдері өз жақтастарын көбейту арқылы елде ықпалын арттыруды көздейді. Оның үстіне мемлекеттің келешектегі бағыт-бағдары ондағы жастардың дүниетанымымен тығыз байланысты. Жастар арасында жаңа діни бағыттардың кең тарап кетуінің басты себептерінің бірі – жастардағы дүниетанымдық кризис. Қазіргі таңда дін белгілі бір дәрежеде жеке тұлғаларды манипуляция жасау, сонымен қатар қаржылық ресурс пен ықпалдылыққа қол жеткізудің құралына айналып отыр.

Бұған қоса жастардың теріс ағымның құрығына ілігуіне елдегі әлеуметтік жағдай да әсер етеді. Міне, осындай факторлар жастарды деструктивті діни бағыттардың ақпараттық шабуылының алдында қауқарсыз күйге түсіріп жатыр.

Жастарды діни ағымға тартудың ең кең тараған түрлері:

– Психологиялық тәсілдер. Жақыны дүниеден өтіп, қайғырып жүрген немесе материалдық тұрғыдан таршылық көріп жүрген адамдардың жанынан табылып, демеу болу.

– Тегін білім бағдарламалары. Мәселен, тегін ағылшын курстарын ашып қояды.

Сондықтан ата-ана мен бала арасындағы байланысты жолға қою маңызды. Баламен емін-еркін сырласу деген дағдыны отбасыда қалыптастыру

керек. Себебі, жастар өмірінің қиын сәттерінде, жаны жабырқаған кездерде діни жолда жүрген адамдарға тартыла бастайды. Олардан кеңес сұрап, рухани әңгіме тыңдап жанының дауасын емдегісі келеді, рухани тыныштық тапқысы келеді. Өмірдің мәнін іздейді.

Ата-ана балаға дұрыс жол нұсқау үшін өзі де мүмкін болғанынша үнемі рухани ізденіс жасауы тиіс деп ойлаймыз. Себебі, өзі бас болып бағыт-бағдар көрсете алмаса, бала сырттан рухани жолбасшы іздейді. Мұның бәрі бейсаналы түрде жүзеге асады. Діни сенімнің адам өміріндегі маңызы орасан зор. Сондықтан да кез келген адам өмірінің бір кезеңінде әйтеуір дінге айналып соғады.

Жалпы баланың болмысы бұл онымен жасалған қарым-қатынастың нәтижесі екенін психологтар жиі айтады. Қарым-қатынас – адам өмірінің аса маңызды және күн сайын жиі кездесетін нәрсесі. Индивиттердің арасындағы қарым-қатынас тұлғаның бойындағы қасиеттерді, түсінік-пайым мен өмірлік ұстанымдардың, талғамын қалыптастыратын дүние.

Ислам ғалымдары діннің функциясына қатысты мынадай тұжырым айтады.

